

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ  
ВНИМАНИЕ**

**БЕТПЕРДЕ  
ТАҒЫҢЫЗ  
НОСИТЕ  
МАСКУ**

**АРАҚАШЫҚТЫҚ  
САҚТАҢЫЗ  
СОХРАНЯЙТЕ  
ДИСТАНЦИЮ**

**КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН  
САҚТАҢЫЗДАР  
СОБЛЮДАЙТЕ  
КАРАНТИННЫЕ МЕРЫ**

МӘСЕЛЕ



ЖҮГЕНСІЗ  
«КӨЛІКТЕР»

7

ШУАҚ



ОТБАСЫ –  
МЕМЛЕКЕТТІҢ  
УЫҒЫ

22

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚАЛА ӘКІМІ  
ТҮРҒЫНДАРМЕН  
КЕЗДЕСЕДІ

18 шілде күні сағат 9.00-де «Томирис» шағынауданындағы Центральная көшесі, 126/1 мекенжайда орналасқан №205 жалпы білім беретін орта мектепте Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Алатау ауданының тұрғындарымен кездесуі өтеді.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін және ертең)

14.07.2022

Түнде:



+17+19 °C  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+29+30 °C  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:  
1-3 м/с

15.07.2022

Түнде:



16+20 °C  
Бұлтты, жауын-шашынсыз.  
(жаңбыр, қар) кей уақытта қатты

Күндіз:



+30+32 °C  
Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:  
1-3 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №80 (6215) 14 шілде, бейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

«МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН  
ЖОҒАРЫ ТҰРУЫ ҚАЖЕТ»

Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиында ҰҚК органдарының ардагерлерін, офицерлері мен қызметкерлерін құттықтап, олардың Қазақстан мемлекеттігін нығайтуға қосқан үлесін атап өтті.

2

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

Оқушылар сарайының  
тарихи келбеті сақталады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Таяуда Алматыдағы Оқушылар сарайының ауласындағы тынымбақ реконструкциясының жобасы талқыланды. Шаһардың тарихи ғимаратының жобасына қатысты талқылауға қалалықтар мен қоғам белсенділері, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері қатысты. Жиналған қауымның мүддесі ортақ – қаламыздың көрнекті ғимаратының жанындағы саябақтың әуел бастағы көркін бұзбай, заманға сай абаттандыру.

4

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.
- Қазақстан мен Озбекстанды байланыстыратын шекара бекеттері ашылды.
- Жарты жылда жылжымалы медициналық кешен 1530 ауылға барды.
- 2024 жылдан бастап ауылдық бюджеттерге қосымша төлемдер беріледі.
- Алматы колледждері 15 мыңға жуық талапкерді қабылдайды.
- «Болашақ» бағдарламасымен 200-ге жуық қазақстандық білім алады.

www.almaty-akshamy.kz







● ПРЕЗИДЕНТ

# «МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ ТҮРУЫ ҚАЖЕТ»

Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты

Соңы. Басы 1-бетте.

– Ұлттық қауіпсіздік жүйесі – мемлекеттігіміздің басты тұғыры. Сондай-ақ, дербес дамуымыздың мызғымас тірегі. Отан үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматтардың арқасында еліміз өсіп-өркендеуде. Сіздер ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерге дер кезінде тойтарыс беріп келесіздер. Бүгінде мемлекеттің негізі және конституциялық құрылымы берік қорғалған. Тәуелсіздігіміздің құндылықтары бірнеше рет елеулі сын-қатерлерге тап келді. Сіздер бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін табанды еңбек еттіңіздер, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ұлттық қауіпсіздік органдарының екі мыңыншы жылдары терроризм мен радикалды діни экстремизмге қарсы күреске қосқан үлесіне тоқталды. Сондай-ақ, Сыртқы барлау қызметінің ұлттық мүддені қорғау жолында өз міндетін табысты орындап келе жатқаны және Комитеттің «А» арнаулы қызметі мен Шекара қызметінің жұмыстары туралы айтты.

– Жыл басынан бері Комитет қызметкерлерінің тиімді жұмысының арқасында экстремистік әрекеттерге қатысқан және терроризмді насихаттаған 42 адам ұсталды. Екі террорлық актінің алдын алды. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес қарқынды жүргізілуде. Ұлттық қауіпсіздік органдары полициямен бірлесіп, бірқатар аса қауіпті қылмыстық топты құрқытады, бандиттік ұйымдардың 22 мүшесі тұтқындалды. Нәтижесінде 700-ге жуық қару-жарақ, 54 граната, 17 мыңнан астам оқ-дәрі тәркіленді. Жарты жылдың ішінде елімізде 15 есірткі лабораториясы, 23 халықаралық



және 40 аймақтық есірткі каналдары жойылды, 3 есірткі плантациясы әшкереленді. Шетелдік серіктестермен бірлесіп, халықаралық есірткі тасымалына қарсы күрес аясында 14 халықаралық арнайы операция жүзеге асырылды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының сөйлеген сөзінде келтірілген деректерге сәйкес Қазақстан шекарашылары шекара және аумақтық сулар режимін бұзған 7 мыңнан астам адамды ұстаған. Жалпы құны 8 миллиард теңгеден асатын валюта, алтын және басқа да тауарлардың заңсыз тасымалының жолы кесілген. Сонымен қатар, арнаулы қызмет еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін сенімді қамтамасыз

етуде. Еліміздің маңызды инфрақұрылымдық нысандарына жасалған 1,5 мың DDoS шабуылына сәтті тойтарыс берілді.

Президент күшейіп келе жатқан геосаяси шиеленіс, бұрын-соңды болмаған санкциялық текетірес, гибриді қықтығыстардың таралуы ұлттық қауіпсіздікке жаңа сын-қатерлер қаупін төндіреді деп санайды. Оның пікірінше, қарқынды жаһандану мен жаппай технологиялық төңкеріс елдер арасындағы шекараның ашық болуына әкеп соқтырды. Мемлекеттердің бір-біріне тәуелділігі артады және мұндай жағдайда Қазақстанның ақпараттық және әлеуметтік-мәдени кеңістігіне сыртқы күштердің ықпалы күшейе түседі.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Жаңа

Қазақстанды құруға кіріскенін, қоғамның барлық саласында түбегейлі жаңғыртулар жүргізіле бастағанын мәлімдеді. Мемлекет азаматтық қоғамды дәйекті түрде дамытып, демократиялық қағидаттарды қорғайды. Оның айтуынша, бұл – еліміздің дамуы үшін өте маңызды қадам. Сондықтан әділдік және заң үстемдігі осы жолда басты бағдар болады. Президент мамыр айында Ұлттық қауіпсіздік комитетін реформалау, яғни оның қызметін түбегейлі трансформациялау және ұлттық қауіпсіздік жүйесін басқару сапасын арттыру жөніндегі Жарлыққа қол қойғанын еске салды.

Мемлекет басшысының пікірінше, арнаулы органда қызмет ету, ең алдымен, жан-жақты, сан қырлы білім иесі болуды, кез келген жағдайды терең зерттеп, салмақты, парасатты шешім қабылдай білуді талап етеді.

– Комитеттің әрбір қызметкері өз ісіне адал және нағыз маман болуға тиіс. Қандай жағдай болсын, мемлекет мүддесі бәрінен жоғары тұруы қажет. Сіздердің кәсіби қабілеттеріңіз бен жеке адами қасиеттеріңіздің арқасында ел мүддесі тиісті деңгейде қоралатыны анық. Сондай-ақ, азаматтарымыздың билікке деген сенімі артып, мемлекетіміздің болашағы жарқын болмақ. Сондықтан кез келген жағдайды терең зерттеп, салмақты, парасатты шешім қабылдай білу – өте маңызды міндеттеріңіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын соңында Президент ұлттық қауіпсіздік органдарының бірқатар қызметкерін мемлекеттік наградалармен марапаттады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● АМАНАТ ПАРТИЯСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бейнежазба арқылы Аманат жастар қанатының кезектен тыс VI съезіне қатысушы делегаттарға құттықтау сөз арнап, ел жастарына арнайы Үндеу жолдады. Съезд барысында жастар қанатын трансформациялаудың жаңа бағдарламасы қабылданып, Орталық кеңестің құрамы мен жастар ұйымының атауы өзгертілді.

Ақмола облысының Зеренді ауылында өткен съездің пленарлық отырысына еліміздің барлық өңірінен 350-ден астам делегат пен қонақ қатысты. Бұл туралы Аманат партиясының сайтында жарияланды.

Пленарлық отырыс барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Аманат партиясы жастар қанатының кезектен тыс VI съезінің делегаттарына арнайы Үндеу жолдады.

Онда Президент Жаңа Қазақстанның жастары айрықша түсінуге тиіс үш маңызды бағытты атады.

Дәлірек:

- терең білім;
- еңбекқорлық;
- отаншылдық қасиет.

Біріншіден, Мемлекет басшысының айтуынша, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар елді алға бастайды, болашақтың кілті цифрлық технология мен инновацияда. Сондықтан бірнеше тіл біліп, түрлі кәсіп игеру жастардың қолынан келеді. Президент атап өткендей, еліміз бәсекеге қабілетті болуы қажет. Халқымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсарту керек. Мемлекет басшысының айтуынша, білімді әрі білікті өрендер ғана биік мақсатқа жете алады. Елге тірек болу – әрбір жастың мұраты. Ел жастардан тың бастамалар және озық идеялар күтеді.

Екіншіден, жастар адал еңбекті бағалап, рухы биік, санасы сергек болуға тиіс. Жаңа заманның жақсы қасиеттерін бойға сіңіре отырып, жаһанданудың жағымсыз әсерлерін де естен шығармау керек. Мемлекеттік мүдде бәрінен биік тұруы керек екенін айта келіп, Президент әрбір жасты ана тілін, ата дәстүрін, төл тарихын білуге үндеді.

Үшіншіден, отаншылдық қасиет туралы Мемлекет басшысы әркім қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезіну керек екенін, туған елге құрмет жалынды сөзден емес, жасампаз істен көрінетінін, алдына мақсат қойған азамат нағыз мемлекетшіл тұлғаға айналатынын ерекше атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, аға буынның жастарға зор үміт артатынын, оны жастардың ақтайтынына сенім білдіріп, съезд жұмысына табыс тіледі.

Өз кезегінде, жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев еліміздің саяси жүйесінің трансформациясы Аманат партиясының трансформациясынан басталғанын атап өтті.

«Партияны дамытудың кезекті кезеңі оның жастар қанатын жаңғырту саналады. Біз жастар мен билік арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді арнасына айналымыз келеді. Барлық өңірден келіп түскен ұсыныстар негізінде қайта

## БОЛАШАҚ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бейнежазба арқылы жастарға Үндеу жолдады



жандандыру бағдарламасы әзірленді. Сондай-ақ, ұйымның Орталық кеңесінің құрамы қайта қаралды», – деді Нұржан Жетпісбаев.

Пленарлық отырыс барысында сөз сөйлеген медиаволонтер Диас Камериданов партияға барлық тарихи құжаттар мен деректі фильмдер қазақ және ағылшын тілдерінде цифрландырылатын «TagIt» бірінғай платформасын әзірлеуді ұсынды. Бұл Қазақстан тарихын диджитализациялауға және оны баршаға қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Партия жастар қанатының Алматы қалалық филиалының волонтері Ариана Белобжизкая еріктілердің 100 мектебін камтитын Волонтерлар академиясын құруды ұсынды.

«Бұл бір алаңда түрлі бағыттағы еріктілерді жинауға мүмкіндік береді. Олар жаңа білімді, тәжірибе мен біліктіліктерді ала алады. Шетелдік сарапшылардан да үйренеді», – деп атап өтті ол.

ЕУРО–2022-нің үздік шабуылшысы атанған «Қайрат» футбол клубының шабуылшысы Біржан Оразов партияның жастар қанатының атауын өзгертуді ұсынды.

«Жаңа Қазақстанды өз Отанын сүйетін, білімді, парасатты, дарынды, рухты жастар құратыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі делегаттарға партияның жастар қанатының атауын «Жастар рухы» деп өзгертсек деген ұсынысым бар», – деді Біржан Оразов.

Бұл шешімді іс-шараның барлық қатысушылары қолдады.

«Рух – халқымыз үшін киелі құндылықтарды білдіретін ұғым. Бұл атау өте терең мағынаға ие, үлкен жауапкершілік жүктейді. Жаңа атау ұйымның жұмысын да түбегейлі өзгертуді талап етеді. Яғни жаңартылған жастар қанаты

жас ұрпақтың мүдделерін шын мәнінде қорғауы тиіс», – деді Мәжіліс депутаты Елнұр Бейсенбаев.

Съезді қорытындылай келе, Аманат партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Жаңа Қазақстан болашақ жастардың игілігі үшін құрылып жатқанын атап өтті.

«Бұл реформалардың мәні неде? Сіздердің әрқайсыңызға – еліміздің саяси өміріне, бизнеске, басқа да қоғамдағы маңызды мәселелерге еркін араласу үшін тең мүмкіндік беру. Бір сөзбен айтқанда, біздің жастарымыз келешекте әділетті де ашық қоғамы бар қуатты Қазақстанда өмір сүрулері керек. Президент бастамасымен осы өзгерістердің барлығы Конституциямызға енгізілді, шегеленді, заңдастырылды. Ендігі кезекте осы реформаларды іске асыруда – алдыңғы қатарда жастар, әрине сіздердің болуларыңыз өте маңызды», – деді Ерлан Қошанов.

Аманат партиясының Төрағасы жастар қанатының алдына бірқатар перспективалық міндет қойды. Атап айтқанда, жастар проблемаларының аймақтық карталарын енгізу, дарынды жастар үшін жобалар жәрмеңкесін және басқа да іс-шараларды өткізу, жас көшбасшыларға арналған оқу бағдарламаларының тиімділігін арттыру, НЕЕТ санатындағы жастардың проблемаларын шешу жөніндегі жұмысты күшейту, «Бір толқын да» пікірталас алаңын және ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша агенттік құру.

VI кезектен тыс съездің шешімімен жастар қанатын трансформациялаудың жаңа бағдарламасы қабылданды, жастар ұйымының атауы өзгертілді. Орталық кеңестің құрамы қоғамдық пікірдің белсенді көшбасшыларын, ҰЕҰ өкілдерін және т.б. тарту есебінен кеңейтілді.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ



Елімізде жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы өткізіліп келеді. Жақсы бір үрдіске айналған бұл іс-шара ең алдымен адамгершілік мұраттарды жаңғыртуға, отбасы мен некенің мәртебесін көтеруге, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, отбасылық құндылықтар мен қазақ отбасының оң имиджін көрсетуге және кеңінен насихаттауға бағытталған.



Нұржамал  
ӘЛШЕБА

«Мерейлі отбасы – 2022» ұлттық байқауы жыл сайынғы дәстүр бойынша Халықаралық отбасы күніне орай 15 мамырда басталған болатын. Ұлттық деңгейдегі байқауды Алматы қаласында ұйымдастыру мақсатында ақпараттық сүйемелдеудің медиа-жоспары, дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы мен конкурсты өткізу жөніндегі қалалық комиссияның құрамы бекітілді.

Комиссия құрамына қала әкімі мен қала

## Отбасы құндылығы дәріптеледі

әкімінің орынбасары, Қоғамдық даму, Мәдениет, Жастар саясаты, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, Алматы қаласы әкімі аппараты инспекторлық жұмысы бөлімінің бас инспекторы-әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, мәслихат депутаты, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері, сонымен қатар, конкурстың өткен жылғы жеңімпазы да енген.

Биылғы 15 мамыр мен 15 маусым аралығында аудан әкімдіктерінде байқауға қатысу туралы өтінімдер қабылданды. «Мерейлі отбасы» байқауына қатысуға шаһар бойынша барлығы 193 отбасы ниет білдірген. 15–29 маусым аралығында аудандық комиссия құрамы өтінімдерді қарап, үздік шыққан 2 отбасыны қалалық комиссияның қарауына жіберді.

Кеше конкурста қатысу туралы өтінім берген отбасылардың ішінен аудандық деңгейдегі конкурста жеңімпаз атанған 16 (әр ауданнан 2 отбасы) отбасының құжаттары қалалық комиссия отырысында қаралды.

Енді таяуда Алматы қаласының «Мерейлі отбасы» мәртебесін иеленген отбасының аты аталып, олар республикалық деңгейде өтетін байқауға жолдама алады.



Суретті түсірген Саят ҚУСАЙНОВ.

ТУРИЗМ

## ТАБИҒАТ ТАРТУУЫ экотуризмнің дамуына үлес қоспақ

Тұмса табиғатына ғана емес, қоршаған ортаның сұлулығына құштар жандардың аңсары ауып тұратын Түрген шатқалы туризмнің орталығына айналғалы да біраз уақыт болды. Бүгінде бұл жаққа келушілердің қатары артпаса, сиреген емес. Әсіресе, демалыс күндері адам қарасы көбейе түседі.



Жақында Іле Алатауы ұлттық паркінде тағы бір визит-орталық ашылды. Орталықтың салтанатты ашылуына ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов, экологиялық бірлестіктердің өкілдері мен экоблогерлер қатысты.

Turgensai – Іле Алатауы ұлттық паркінің картасындағы жұмысын бастаған екінші визит-орталық. Заманауи стандарттарға сай құрылған орталықта керек ақпараттың барлығы бар. Онда саяхаттап келушілер ұлттық паркпен танысып, Түрген шатқалының қол тимеген табиғаты бойынша саяхаттауды бастайды. Орталық Алматыдан 80 шақырым жерде, табиғат ескерткіштеріне бай Түрген шатқалында орналасқан.

Визит-орталықтан Аюлы сарқырамасына дейін жаяу жүруге болады, оның биіктігі – 30 м. Жолдың ұзындығы – 1,3 шақырым, ол әлеуметтік және барлық санаттағы адамдар үшін қолжетімді. Бұдан басқа, Түрген шатқалы автожолының бойында пайдалы минералдарға бай бес бұлақ бар, сондай-ақ, ыстық радонды бұлақтар бар. Орталық аумағында туристер «Қайрақты» сарқырамасын, Шыңтүрген шырша ормандары, Сиверс алмасының табиғи резерваты және басқа да табиғи объектілерді тамашалай алады. Түрген шатқалы Сақ қорғандарымен де танымал, олардың бірінен Алтын адам табылған.

– Елімізде экотуризмді дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Бұл бағытта

билік тарапынан тиісті тапсырмалар да беріліп отыр. Алматы өңірінде ұлттық парктер көп, осыған орай өңір экотуризмді дамытудың негізгі бағыты саналады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Алматы кластерінің аумағындағы үш ұлттық паркке келушілер саны оның алдындағы жылдар көрсеткіштерінен асып түсті. 2022 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша да ұлттық парктерге келушілер саны артқан. Мұның бәрі экотуризмнің дамып, аталған мәдениеттің халық арасында кеңінен таралып келе жатқанын байқатады, – деді Премьер-Министр.

Ұйымдастырушылар аталмыш орталық туристердің тауға саяхат жасау мәдениетін қалыптастыруға және елдегі экотуризмнің дамуына үлес қосатынына сенімді. Жыл сайын Алматы облысында туристер саны артып келеді. Олардың басым бөлігін демалыс күнін табиғат аясында өткізуге дағдыланған алматылықтар құрайды. Мәселен, 2021 жылы ұлттық парктерге келушілер саны 1,5 миллионға дейін өскен.

Жақын арада осындай визит-орталықтар Алтынменел мен Шарын ұлттық парктерінде ашылмақ. Онда арнайы кемпинг және глэмпинг аймақтары болады. Қазіргі уақытта ұлттық парктер инфрақұрылымы ыңғайлы: навигация, көруге арналған алаңдар, суы таза фонтандар, дәретханалар, көлеңке түсіретін қалқалар бар.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

## Жылу желілеріне сынақ жүргізіледі

Алматының сегіз ауданының аумағында 29 шілдеге дейін сағат 04.00–ден 07.00–ге дейін жылу желілерін гидравликалық сынақтан өткізу жұмыстары жүргізіледі. Осыған орай, қала тұрғындары мен қонақтарына сақтық шараларын сақтай отырып, сынақ өткізілетін орындарда автокөлік тұрағынан аулақ болуға кеңес береміз.



контурларында ыстық сумен жабдықтау толығымен сақталатынын айтып отыр. Айта кетейік, гидравликалық сынақтар жылу желілері жабдықтауының жай-күйін тексеру үшін жүргізіледі.

– Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларына қарамастан, сынақ жүргізілген орындарда су басу, жол жабынының ішін-ара бұзылуы секілді төтенше жағдайлар орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда өз бетіңізше ешқандай әрекет жасамаңыз. Керісінше, оқиға орнын тастап, жылдам «Алматы жылу желілері» ЖШС-не 378-06-48 (қосымша 1014), 378-06-62 (қосымша 1013) немесе 109 телефондарына хабарласыңыз», – деп хабарлайды АлТС баспасөз қызметі.

«Алматы жылу желілері» ЖШС аталған аумақтардың

ЭКОЛОГИЯ

## Сарапшылар су мәселелерін талқылайды

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.Брекешев Израиль мемлекетінің туризм министрі Й.Развозовпен кездесті

Кездесу барысында су ресурстарын басқару саласындағы израильдік технологиялардың интеграциясы, экологиялық реттеу, су ресурстарын басқару саласындағы Қазақстанда болуы мүмкін жобалар мәселелері талқыланды.

– Біз Израильдің су технологиялары бойынша әлемдік көшбасшы екенін білеміз. Су ресурстарын басқару саласындағы Қазақстан–Израиль ынтымақтастығын дамыту үшін пайдаланылмаған елеулі әлеует пен жаңа мүмкіндіктерді назарға ала отырып,

біз осы бағытта тәжірибе алмасуға мүдделіміз және сарапшылардың кездесуін өткізуге дайынбыз, – деді Экология министрі.

Кездесу барысында ведомство басшысы Израиль делегациясының өкілдеріне жаңа экологиялық Кодексті қабылдаудың маңыздылығы туралы айтып берді.

– Экологиялық реттеудің халықаралық тәжірибесін ескере отырып, экологиялық проблемаларды шешу үшін жұртшылықпен бірлесіп, қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемле-

кеттік реттеу мен басқарудың неғұрлым тиімді және ашық жүйесін құруға бағытталған жаңа құжат әзірленгенін ерекше атап өткім келеді. Елдің жаңа реттеуші экологиялық саясаты озық қолжетімді техникаларды (ОҚТ) кәсіпорындардың жұмыс тәжірибесіне енгізу өндірістік процестің экологиялылығын қамтамасыз етуге, негізгі қорлардың жай-күйін жақсартуға мүмкіндік береді, бәсекеге қабілеттілікті арттырады, ең бастысы, қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға ықпал ететін маңызды құрал қолдануға бағытталған кешенді экологиялық рұқсаттар беруге негізделеді, – деп атап өтті С.Брекешев.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар су ресурстары жөніндегі сарапшылардың консультативтік кездесулерін өткізуге келісті.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

## Көлік қозғалысы шектеледі

13 шілде мен 20 тамыз аралығында Алматы қаласының Жетісу ауданында Қазыбаев көшесінде Серіков көшесіндегі №28 тұрғын үйге дейін (солтүстік бағытта) көлік қозғалысы ішінара жабылады. Сонымен қатар, Қазыбаев көшесі бойымен оңтүстік бағытта қозғалыс екі бағытта да ашылады.

Уақытша шектеулер осы көшенің жүріс бөлігінің астында орналасқан магистральдық құбырды қайта құруға байланысты енгізіліп отыр.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС-нің хабарлауынша, қолайлы жағдайды сақтау үшін үйлерге ыстық су уақытыша ыстық сумен қамтамасыз ету схемасы бойынша беріледі.

Мәжбүрлі қолайсыздықтарға түсіністікпен қарап, көрсетілген учаскені айналып өту схемасын алдын ала қарастыруыңызды сұраймыз.



Медеу ауданында түнгі уақыттарда екі көше жабылады.

– 15 шілдеде сағат 22.00–ден 16 шілдедегі сағат 06.00–ге дейін Достық даңғылы мен Төле би көшесінің қиылысында;

– 16 шілде сағат 22.00–ден 17 шілде сағат 06.00–ге дейін Бөгенбай батыр және Пушкин көшелерінің қиылысындағы жолдарда қозғалыс тоқтайды.

Шектеулер аталған көшелердің көлік жүретін бөлігінің астынан өтетін магистральдық құбыржолдар учаскелерінде жоспарлы қайта құрылымдау жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін енгізілмек.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандары уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұрайды.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





## ● КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

Айнұр  
СЕНБАЕВА

Соңы. Басы 1-бетте

Оқушылар сарайы сонау 1983 жылы салынған Алматыдағы сәулетті архитектуралық ғимарат. Өткен жылы сарай қайта жаңғыртудан өтіп, іші-сыртына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Республикалық маңызы бар тізімге енгізілген тарихи құнды сәулет ескерткішін қалпына келтіріп, сақтап қалу үшін дизайнерлер барын салды. Ал қазіргі таңда Оқушылар сарайының жанындағы саябақ қайта жаңғыртылуда. Өйткені, 15 жылдан бері күрделі жөндеу жүргізілмеген демалыс бағының тозып кеткені рас. Бүгінде саябақтағы тротуарлар тозып, гүлзарлар қурап тұр. Кешкі уақытта айналаға сәуле шашатын жарық шамдары да азайған, алаңқайды суару жүйесі де істен шығыпты. Алматылықтар қала жүрегіндегі осындай көрікті ғимараттың жанындағы алаңның жайнап тұрғанын қалайды.

Көлемі 5 гектар аумақты алып жатқан Оқушылар сарайының саябағын реконструкциялау бойынша ең алғашқы жоба 2018 жылы ұсынылған еді. Дәл осы алғашқы нұсқа экобелсенділер мен қала тұрғындары-

ның наразылығын туғызды. Өйткені, сол жобадан саябақ аумағына басқа да шағын нысандарды салу үшін ағаштар мен жасыл желектерді кесу қарастырылған. Оның үстіне, Оқушылар сарайы жанындағы саябақ бастапқы келбетінен мүлде өзгеріп кететін болды. Көпшіліктің тілек-талаптарынан кейін бұл жоба қабылданбады. Мамандардың сараптамасынан кейін реконструкциялаудың жаңа жобасы жасалды. Онда ескі жобадан кеткен олқылықтар ескеріліп, саябақтың бастапқы нұсқасына нұқсан келтірілмейтін болды.

Саябақты реконструкциялаудың жобасы 2021 жылы қайта жасалған болатын. Өзгерістер енгізілген бастаманың жөндеу жұмыстарының барысы бұған дейін бірнеше рет тұрғындармен талқыланды. Жоба осы жылдың қарашасында аяқталады деп жоспарланып отыр.

Күні кеше саябақты қайта жаңғырту мәселесін талқылау үшін жиналған жұртшылыққа әкімдік өкілдері мен жоба авторлары жаңа жоба бойынша атқарылатын жұмыстарды мұқият түсіндірді.

## Оқушылар сарайының тарихи келбеті сақталады



**Серік ӘДІЛБАЕВ,**  
Экология және қоршаған орта басқармасы басшысының міндетін атқарушы:

**Тимур ЕЛЕУСІЗОВ,**  
белсенді:

## Гранит жабындар қалпына келтіріледі

Демалыс бағындағы жаяу жүргіншілерге арналған жол түбегейлі өзгермейді. Тек тротуарларға қатты жабынды брусчаткалар төселеді. Өйткені, асфальт жабыны жаз мезгілінде қатты қызып кетеді. Көпшілікті гранит жабындардың алынуы алаңдатып отыр. Бірақ жөндеу жұмыстары жүргізілгеннен кейін уақытша бөлшектелген гранит жабындар қайта қалпына келтіріледі. Бақта бірде-бір ағаш кесілмейді. Жасыл желектерді суару жүйесі қалпына келтіріледі. Талдардың тамырына зақым келтірмеу үшін суару жүйесі жердің үстімен жүргізіледі. Жалпы айтқанда Оқушылар сарайы жанындағы алаңның инфрақұрылымы жаңартылады.

## Жаңа жоба бұрынғыдан өзгереді


Қалалықтардың осындай маңызды нысанның жаңартылуына атсалысып, талқылауға қатысып жатқаны қуантады. Бәріміз үшін маңызды нәрсе – Оқушылар сарайы жанындағы саябақтың тарихи келбетінің сақталуы. Жаңа жобаның таныстырылуы барысында бұл жұмыстың бұрынғысынан бөлек екенін көрдік. Тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасалып жатса, жобаны неге қолдамасқа. Өзім де Алматының тұрғыны болғандықтан саябақ жаңартылып, қаламыз көркейе түскенін қалаймын. Жаңа жобаның қазіргі сипаты ұнады. Әсіресе, балалар мен қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін саябақтың жарықтандырылатыны көңілімнен шықты.

Жоба авторы сәулетші Роман Шнайдерманның айтуынша, саябақтың гүлзарлары көпжылдық гүлдермен көмкеріледі. Оқушылар сарайы аумағындағы саябаққа қайта әр беру үшін жаңа жобаға сәйкес аумақта 192 көше жаңартылып, 21 жарықшам ауыстырылады, 71 орындық, 64 қоқыс жәшігі орнатылады. Қазір Оқушылар сарайының жанындағы демалыс бағында 889 ағаш бар. Жаңа жобадан жасыл желектердің санын арттыру көзделіп отыр. Жыл соңына дейін тағы 420 қылқан жапырақты ағаш пен тал егіліп, 5442 көшет отырғылмақ, яғни жасыл желектің саны 47 пайызға арттырылады. Аумақта балалар ойын алаңы мен жаңа субұрқақ жасалады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

## ● ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА



## Көрнекті қайраткер еді

ҚР еңбек сіңірген мұғалімі, КСРО және ҚазКСР халыққа білім беру мәселелері бойынша бес кітаптың, 30-дан астам ғылыми мақаланың авторы. Педагогикалық қызметі мен қоғамдық жұмысындағы жетістіктері үшін ол екі рет ҚР «Құрмет» белгісімен, «Достық» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

мын», – дейді қызы Хадидат Увайсова.

Мусаннип Увайсов өскелең ұрпақты тәрбиелеу және білім беру мәселелері бойынша бес кітаптың, 30-дан астам ғылыми мақаланың авторы. Педагогикалық қызметі мен қоғамдық жұмысындағы жетістіктері үшін ол екі рет ҚР «Құрмет» белгісімен, «Достық» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

басшысына дейін көтерілді. Ол кісі өте адал, көпшілікке қамқор болуға барын салатын. Өзінен кейін ерген іні-қарындасына ағалық кеңесін де, көмегін де ұсынды. «Дағыстан» мәдени орталығының негізін қалады. Ұзақ жылдар Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелігінде болды. Ғибратты ғұмырын білім саласына, халықтар арасындағы татулыққа арнады. Мен әкеммен мақтана-



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ақтолық  
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Мен ағамызды қоғам қайраткері, үздік оқытушы ретінде танимын. Алматы қаласында қазақ мектептері жетіспей жатқан кездерде оның көбеюіне үлкен үлесін қосқан болатын. Осынышама еңбегі бар ағамызға ескерткіш-тақта қоюды қолға алдық. Мұндай құрмет кез келген адамға көрсетіле бермейді. Алматы қаласы әкімдігінің арнайы шешімімен тек көрнекті азаматтарға қойылатынын атап өткеніміз жөн болар», – деді Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Айдар Есенбеков.

Іс-шараға Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, «Ассамблея жастары» және ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Әкем еңбек жолын қарапайым мектеп мұғалімінен бастап, Алматы қалалық білім бөлімінің

## ● КЕРЕК ДЕРЕК

Pfizer  
екпесін  
салдыруға  
болады

**Құрметті қала тұрғындары!**  
Биылғы 8 шілдеден бастап PFIZER (Comirnaty) вакцинасының екінші компоненті қаладағы мына медициналық ұйымдарда салынатынын хабарлаймыз:

- Алатау ауданы, №25 қалалық емханасы («Дархан» ықшамауданы, Алтай көшесі, 24/1), байланыс нөмірі: 8 (727) 351-29-16.
- Алмалы ауданы, №8 қалалық емхана («Тастақ-3» ықшамауданы, Түркебаев көшесі, 40-үй), 8 (727) 391-28-31, 8 708 970 78 15.
- Әуезов ауданы, №10 қалалық емхана («Ақсай-4» ықшамауданы, 17-үй), 8 (727) 373-28-31, 8 (727) 222-02-10.
- Бостандық ауданы, №7 қалалық емхана (Бұқар жырау бульвары, 14-үй), 8 (727) 312-39-51, 8 778 003 71 41.
- Медеу ауданы, №5 қалалық клиникалық аурухана (Достық даңғылы, 220-үй), 8 708 273 53 98.
- Жетісу ауданы, №11 қалалық емхана («Айнабұлақ-3» ықшамауданы, 87-үй), 8 (727) 252-21-21.
- Наурызбай ауданы, №36 қалалық емхана («Шұғыла» ықшамауданы, 340 А), 8 747 627 84 96.
- Түркісіб ауданы, №9 қалалық емхана (Шолохов көшесі, 17-үй), 8 (727) 312-24-86, 8 702 210 19 03, 8 701 165 33 00, 8 747 484 35 33.

**Вакциналау пункттерінің жұмыс тәртібі:**

Дүйсенбі-жұма күндері сағат таңғы 08.00-ден кешкі 17.00-ге дейін, ал сенбі күні таңғы 09.00-ден кешкі 15.00-ге дейін. Жексенбі демалыс.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





# АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

АЛҒЫС

## Мейірімге толы жүрек



Әлеуметтік желіде Кіші Алматы өзенінен кішкентай күшті күтқарған ер адамның суреті тарады. Желі қолданушы Александр Цойдың айтуынша, күшік абайсызда өзенге құлап кеткен.

Тіршілік иесі судан шығуға қанша тырысса да шамасы жетпей, Қабанбай батыр көшесінен төмен қарай өзеннің қатты ағысымен аға берген. Оны жағалауда серуендеп жүрген үлкендер мен балалар да байқапты. Бірақ қалай құтқарарын білмей, күшіктің артынан өзен жағалап жүгіре берген. Бөгенбай батыр көшесінің қиылысына келгенде әлгі күшік көпірдің астындағы құбырға жармасқан. Әлгі жануар біразға дейін судың бетіне шықпай, жоқ болып кетеді. Жұрт алаңдай бастаған кезде, күшіктің төбесі көрінеді. Бұл сәтті бақылап тұрған Тимур есімді азамат еш ойланбастан, киімін шешпей өзенге секіріп түсіп, итті қолына алады да, жағалауда тұрған адамдарға ұстатқан. Әлсіреп, күші қалмағаны сонша, күшік біразға дейін қимылсыз жатып, есін жиған соң аулаға қарай қаша жөнелген. Өкініштісі, әлгі көрер жарығы бар жануарды сол сәтте ешкім



суретке түсіріп алуды ойламапты. Есесіне, жануарларды жанындай жақсы көретін әрі кімді болса да құтқарудан тайсалмайтын азаматты тұрғындар жұбайымен бірге суретке түсіріп алыпты. «Бізге жағымды ақпарат пен мейірімді азаматтың суретін ұсынған Мәдина Мұхамедиева есімді оқырманымызға алғыс айтамыз», – дейді желі қолданушы.

«Шын көңіліммен алғыс айтамын. Алтын жүректі азаматқа денсаулық тілеймін!», «Сізге ұзақ ғұмыр берсін!», «Нағыз азамат!», «Жаны сұлу, керемет жан екенсіз! Жақсылығыңыз еселеп қайтады. Сізге үлкен рахмет», «Арамызда жақсы адамдар бар екен ғой...» деген секілді жылы сөздерді жарыса жазған алматылықтар Тимурға алғыс айтып жатыр.

Арамызда жүрегі мейірімге толы, өзгерлерге жақсылық жасауға ұмтылып тұратын осындай азаматтардың бары қандай тамаша! Біз де Тимурдың мейірімділігі хәм қайсарлығына тәнтіміз. Өйтпесе, жануар емес, адамның өзіне көмектеспейтін, керісінше, қиналған адамды видеоға түсіріп, оны әлеужеліге салуға асығатын адамдар көп қой қазір. Сондықтан Тимурдай алтын жүректі азаматтар кейінгі жастарға үлгі болсын дейміз! Жанында жүр, жақсы адам!

**Мейірімділік пен қайырымдылық – адам баласына тән қасиет. Мақаламызға арқау болған Тимур есімді азаматтың кішкентай ғана тіршілік иесіне деген жанашырлығы әлеуметтік желі қолданушыларымен біздің де жүрегімізді елжіретті. Мейірімді, бауырмал, көмекке дайын тұратын абзал адамдар – кез келген қоғамның негізгі тірегі. Өйткені, мұндай асыл қасиет адамға адам болып қалуына көмектеседі. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз қандай құрметке болса да лайық. Ендеше, осындай жанымызда жүрген жақсы адамдардың қадірін біліп, құрметтеп, сыйлап жүрейік. Әрбір адамның қасында жақсы жанның жүруін тілеймін.**

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

## Апатты ағаштардан арылайық

– Мақатаев пен Желтоқсан көшелерінің қиылысындағы жол бойында тұрған мына ағаштарды кесіп алып тастау керек. Олар ауа райы бұзылып, кенеттен жел тұрса да, аяқасты жаңбыр жауса да құлап кетуі мүмкін, электр желілерін бүлдіруі ғажайып емес. Құдай бетін әрі қылсын, мұндай жағдайдан адамдар да зардап шегуі бек мүмкін, – дейді Аида Қанағатқызы.

Панфилов пен Жібек жолында да дәл осындай көрініс.

Алматы қаласы Қоршаған ортаны қорғау және экология басқармасының мамандары апатты ағаштарды кесу, жасыл желектерді күтіп ұстау жұмыстарына бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болғандықтан, аудан әкімдіктері жауапты екенін айтады.



ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

## «Жасыл қала шөл далаға айналмаса игі...»

Жасыл желек – жанға сая. Әсіресе, жаз мезгілінде ауласы түрлі ағаштар мен қызылды-жасылды гүлдерге толып тұрғанын қалайтын алматылықтар жалпы қала аумағындағы жасыл желектің бүгінгі жай-күйіне алаңдаулы. Сол себепті, олар әлеуметтік желіде бұл тақырыпты жиі көтереді.

– Жапырағынан жұрдай болып, жалғыз сопайып тұрған мына бір ағаш «Сары-арқа» кинотеатры мен сондағы тұрғын үйлердің ауласында тұр. Көліктеріне тұрақ жасап алғандар көбейген соң, 2020 жылы мен бұл жерге қоршау орнатуды өтінген едім. Кейіннен эколог Ғалия Ермекебаеваның көмегімен темір қоршаулар орнатылған болатын. Сол кезде күтім болған соң жасыл желектер жайқалып өсіп, жапырақтары жанымызға сая болған еді. Кеіше жолдан өтіп бара жатып, ағаштардың бүгінгі жай-күйін көргенде жаным ауырды. Бұталары кесіліп, құр сүлдері қалыпты. Жасыл желекті мұнша күйге түсірген кім? Ағаш кімге кедергі болды екен? Себебі не? Айналасына жайлы атмосфера сыйлаған ағашты кескенше Алтынсарин даңғылының бойындағы құраған кәрі ағаштарды неге кеспейді? – дейді алматылық Салтанат Бектұрсынова.

Қала тұрғынының жанайқайын естіген Ғалия Ермекебаеваның айтуынша, бұл мәселе аудандық экологтар тарапынан жан-жақты зерттеліп, тексерілетін болады. Бұл туралы алдағы уақытта қосымша хабарлайды.

«Кейінгі кездері көпшілік қала өміріне, оның тыныс-тіршілігіне немқұрайды қарайтын болды. Алматыға деген сүйіспеншілік жоғалғаннан кейін, күнде бір бұзақылық орын алуда. Қоршаған ортаға деген жанашырлық азайып, жасыл желекке деген қамқорлық кеміді. Өзі өсіп-өніп



отырған қалаға деген махаббаттың да, мәдениеттің де жұрнағы қалмады», – дейді эколог.

Әуезов ауданы әкімдігінің қызметкерлері тұрғынның сауалына былай жауап берді: «Дәл қазіргі уақытта «Сарыарқа» саябағына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жасыл желектерді санитарлық кесу жұмыстары жобалық-сметалық құжаттамада қарастырылған».

Дейтұрғанмен, қала тұрғындары жапырағы жайқалып өсіп тұрған ағаштардың бұталарын кесуге қарсы. Сондықтан олар «бір кездері жасыл қала атанған Алматымыз енді шөл-далаға айналмаса игі» деп отыр.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ

## Құрғақ уәдеге тойдық



– Майлин көшесі, 206 мекенжайындағы үйдің маңында биік ағаш құлап, электр желілерін басып қалды. Тұрғын үйдің төрағасы арнайы қызмет орындарына бір емес, бірнеше рет хабарласты. Бірақ ешқандай нәтиже жоқ. Жауапты мамандар кеішелі бері құрғақ уәде беруден жалығар емес. Егер мына ағаш құлап, электр желілерін зақымдайтын болса, біз жарықсыз қаламыз ғой. Жалпы, мынадай апатты ағаштарды алып тастауға кім жауапты? – дейді тұркісібіт тұрғындар.

Жасыл экономика басқармасының ақпараты бойынша, түгендеу және орман патологиялық зерттеуден өткен Алматы қаласында 2 802 737 ағаш өседі. Бірақ солардың 84 628-і апатты жағдайда. Негізінен, апатты ағаштар қаланың орталық бөлігінде және тыныш аудандарында көп. Жалпы, мынадай сынған ағаштарды жою, яғни алып тастау жұмыстары аудан әкімдері аппараттарының коммуналдық қызметтерінің және Алматы қаласының құтқару қызметінің күшімен орындалды. Ал ағаштарды кесу (қайта отырғызу) Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының рұқсатымен жүзеге асырылады.

## Ескертпе-тақта орнатып беріңіздерші!

– Абылай хан даңғылы мен Мәметова көшелерінің қиылысында, нақтырақ айтқанда, Мәметова көшесінің бойында көліктерді жол жиегіне жағалай қоюға арналған тұрақ бар.

Міне, осы жерлерді көлік жүргізушілері қоқыс аймағына айналдырған. Жол бойы сусыннан босаған құтылар, темекі тұқылы мен қораптардан көрінбейді. Осы маңда бір ғана қоқыс жәшігі бар еді, ол да қашан көрсең аузы-мұрнынан шығып, қоқысы төгіліп жатады.

Біз Алмалы ауданы әкімдігінің жауапты сала мамандарынан дәл осы жерлерге «Қоқыс тастауға болмайды» деген секілді ескертпе-тақта орнатуды және жиі-жиі тазалап тұруды сұраймыз, – дейді Санжар есімді азамат.



Бетті дайындаған  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





## ЖОЛДАУ – 2022

ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАРЫНША  
ҚОЛДАЙДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жасаған кейінгі Жолдауына 4 ай болды. Осы уақыт аралығында ел Президенті жүктеген тапсырмалардың қаншалықты орындалғанын сарапқа салып көрейік.**

Досбол  
АТАЖАН

## Бүгінгі келбет қандай?

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында айтылған мәселелердің бәрін жүзеге асыру небәрі 4 айда әрине мүмкін емес, қанша жылдан


Азаматтар мен бизнесмендерден ұрланған мүлікті іздеу жұмыстары жалғасып жатыр. Айтылған фактілерді назарға ала отырып, Президент тапсырмасы біршама орындалды деп айта аламыз. Әрине, осынау ауыр қасіреттің салдарын бір-ақ күнде шешу мүмкін де емес. Дегенмен, мемлекет тарапынан бұл мәселеге тиісті түрде шара қолданылуы көңіл қуантады.

## Өзгерістер самалы сезіледі

Президент өз Жолдауының бірден алтыншы тармағына дейін қоғамдық-саяси мәселелерді айтып өтті. Оның ішінде, супер-президенттік басқару үлгісінен «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» жүйесіне өтуді, оған қоса өкілді билік тармағын қайта құру, сайлау жүйесін жетілдіру, партиялық жүйені дамыту мүмкіндіктерін кеңейту, сайлау үдерісін жаңғырту және құқық қорғау институттарын күшейту бойынша өзгерістер ұсынды. Осы тапсырма негізінде 5 маусым күні республикалық референдум өткізілді. Бұл бастамада жоғарыда көрсетілген

## Нақты әрекет жасалды

Мемлекет басшысы наурыз айындағы Жолдауында еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіру мәселесін де қозғап, жаңа үш облыс құруды ұсынған еді. Нақты айтқанда, Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарының құрылуы жайлы айтқан болатын. Президентіміздің бұл ұсынысы көпшіліктің көңілінен шығып, жұрт тарапынан оң қабылданды. Айтылған ой бұрынғыдай сағызша созылған жоқ. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша көп ұзамай жоба әзірленіп, Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті Жарлыққа қол қойды. Нәтижесінде бүгінгі күні Қазақстан аумағында жаңа үш облыс құрылды. Абай облысының әкімшілік орталығы Семей қаласы, Ұлытау облысының әкімшілік орталығы Жезқазған қаласы болды. Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласы болып, Алматы облысының әкімшілігі Қонаев қаласына (бұрынғы Қапшағай) ауысты. Жаңадан құрылған әкімшілік аймақтар тұралап қалған қазақ жерін дамытуға, айтылған облыстардың жай-күйін жақсартуға тікелей әсер етеді деп үміттенеміз.



бері қалыптасқан мемлекет құрылымын түбегейлі түп-тамырымен өзгерту оңайға соқпайды. Дегенмен, жыл өзі төрт мезгілден тұрса, оның бір тоқсанынан астам уақытында мемлекеттік көлемде орын алған өзгерістердің жалпы бағытын бағалауға болады деп санаймыз. Сондықтан осы Жолдауды негізге ала отырып, бүгінге дейін істелген жұмыстың нәтижелерін сұрыптап өтейік.

Мемлекет басшысы наурыз айындағы Жолдауында ең бірінші қозғаған мәселелердің бірі «Қаңтар оқиғасының» ақ-қарасын анықтап, кінәлілерді жазаға тарту, зардап шеккендерге көмек көрсету болды. Бұл бағыттағы жұмыс қаңтар айында-ақ басталып, Президент тапсырмасынан соң тіпті күшейген болатын. Қасіретті оқиға кезінде ең үлкен залал келген оңтүстік астанамыз Алматыда бүгінгі күні зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілерінің 99%-ы өз қызметін қалпына келтірді. Нақтылай айтқанда, 1594 өтінім мақұлданып, кәсіпкерлерге 14,5 миллиард теңге өтемақы төленді. 2,8 миллиард теңге көлеміндегі тағы 16-ға жуық компанияның өтініші қаралып жатыр. Істің мән-жайын ашып, кінәлілерді анықтау және жазалау бойынша да жұмыстар жалғасуда. Қазірге дейін кінәсі мойындалған 445 адам сотталды. Тағы 514 күдікті қамауда. Жаппай тәртіпсіздік бойынша 58 және терроризмге қатысты 8 қылмыстық іс тергелуде. Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша, соңғы 2 аптаның ішінде полициялар 50-ден астам заңсыз қаруды тәркілеген. 120-дан астам қару құпия сақталған орын анықталған.

мәселелерден бөлек, халықтың көп жылдық көкейдегі қалауын ескерген конституциялық өзгерістер қолға алынды. Атап айтқанда, Ата Заңның 6-бап, 3-тармағы: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі» деген заңнамалар толықты. Сондай-ақ, жалпыхалықтық референдумда ұсынылған өзгерістер қатарында Президенттің туыстарына жоғары мемлекеттік қызметтерді атқаруға тыйым салыну; қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алуы; Қазақстанда өлім жазасының болмауы; Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі арқылы қалыптасуы; Сенаттағы президенттік квота қысқарып, Мәжілістегі ҚХА квотасын жою сынды жаңашыл бастамалар болды.

Жалпы дауыс беруге Конституцияның 33 бабына 56 өзгеріс енгізу мәселесі шығарылды. 5 маусым күні өткен референдумға барлық сайлаушылардың 68,05%-ы, яғни 7 985 769 адам қатысты. Оның 77,18%-ы жаңа өзгерістерді қолдап дауыс берді. Бұл көрсеткіштер Қазақстан халқының жаңа өзгерістерді барынша қолдайтынын көрсетіп отыр. Ал 1995 жылдан кейін алғаш рет республикалық көлемде референдумның өткізілуі – қазақ халқына өзгерістердің самалын сездіргені анық.

Бұл бастамалар дәл осы сәтте халықтың әлеуметтік өміріне тікелей әсер етпегенімен, «Жаңа Қазақстанның» болашақ жолын айқындап берді. Бүгін қабылдаған саяси құрылымдағы өзгерістер ертең жемісін берері белгілі.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы ұсынған «Еститін мемлекет» тұжырымы негізінде қала және облыс әкімдері, депутаттар мен өзге билік өкілдері жаппай халықпен кездесу өткізуде. Атап айтқанда, ең ірі мегаполис әкімі Ерболат Досаев бір тоқсан ішінде 8 кездесу өткізіп, жеті соңына дейін оның санын 24-ке дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Ал халықпен аудан әкімдерінің кездесуін қосқанда 48 кездесу өткізіледі деп көзделуде. Сонымен қатар, Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері ел аралап, халықпен кездесу өткізді. Президент тапсырмасы бойынша орындалған нақты іс-әрекеттерді айтқанда, «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының (ҚӘҚ) құрылуын айналып өте алмаймыз.

Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған қор бүгінде 10 қайырымдылық бағдарлама мен жобаны жүзеге асырып жатыр. Атап айтқанда, олардың сегізі медициналық көмек көрсетуге, біреуі ауыл балалары үшін спорт саласындағы әлеуметтік жағдайды жақсартуға бағытталса, тағы бірі ауылдық жерлерден шыққан талапкерлер мен аз қамтылған отбасылардың студент балаларына білім гранттарын беруді қарастырады. Жолдау жасалғалы бергі 4 айдың ішінде Тәуелсіздік алған 30 жылда орын алмаған өзгерістер жүзеге асып жатыр. Иә, барлық бастаманың нәтижесі дәл бүгін көрінбесі анық. Дегенмен, құр уәдеден тұрмайтын шынайы жобалардың жасалуы әр азаматымыздың жүрегінде «Жаңа Қазақстанға» деген үміт отын арттырып отыр.

## ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

**Бақытжан САТЕРШИНОВ,**  
философия ғылымының докторы,  
профессор

Шыдамдылық пен  
табандылықты  
қажет етеді

Елімізде қасіретті қаңтар оқиғасынан кейін қолға алынған Жаңа Қазақстанды немесе екінші республиканы қалыптастыру бағыты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың таяу мерзімдегі стратегиялық бағдары екені анық. Өркениетті президенттік жүйесі, ықпалды Парламенті мен тындырымды өкіметі, заңға бағынушы азаматтық қоғамы бар жаңа да әділетті Қазақстан құру үшін оның саяси-құқықтық арнасы салынды, дамудың конституциялық-демократиялық бағытына қадам жасалды, ол жалпыхалықтық референдумда кең қолдауға ие болды. Әрине, барынша ауқымды бұл шаралар бір мезетте іске асып кете қоймайды, орасан зор күш-жігерді, уақытты, шыдамдылық пен табандылықты қажет етеді. Енді осы үрдіс пен үдерістің аясында дін саласында қандай өзгерістер болуы мүмкін деген сұрақ туындайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекет басшысы ретінде соңғы екі-үш жылда басына түскен ауыр сынақтардан (биліктің транзиті жауапкершілігі, пандемия, антропогенді және табиғи-стихиялық апаттар, қаңтар қасіреті, ішкі-сыртқы геосаяси ахуал, саяси реформалар және т.б.) абыроймен өтіп, әр алуан халықаралық шаралар мен маңызды мәселелерде өзінің жан-жақты білімі мен әдебін, дұрыс шешім қабылдау қабілетін, кәнігі дипломат, байсалды саясаткер екендігін танытты. Бұл тұрғыдан алғанда, Президентіміз мақтан тұтуға әбден лайықты.

Көпшілікті Президенттің ұлттық және діни құндылықтарға деген көзқарасы толғандыруы мүмкін, өйткені әлеуметтік желілерде оның ана тілі мен төл дәстүрге, қазақы діл мен дінге деген көзқарасы сөз болып жататыны рас. Алайда, Президенттің қазақ тілінде сөйлеуі, қазақ руханиятын, Абай мұрасын насихаттауы, Кеңес кезінде қуғынға ұшыраған құрбандарды, оның ішінде дін өкілдерін толығымен ақтау үшін мемлекеттік комиссия құруы, ҚМДБ төрағасы Наурызбай қажыны бірнеше мәрте арнайы қабылдауы, Әзірет Сұлтан мешітіне барып, қазақстандық мұсылман жамағатын айт мерекелерімен құттықтауы, Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне зиярат етуі, ақырында Жошы ұлысының ордасы болған, ұлттың ұлы ұясы – Ұлытауда құрбан шалып, Құрылтай өткізуі бұл алыпқаппа, қысыр әңгімелерді теріске шығарады.

Президенттік сайлау алдындағы бағдарламасында Қ.Тоқаев өзінің ұстанатын принциптерінің бірі ретінде сабақтастық құндылығын айтқан болатын және өз саясатында оны ұстанып та келе жатыр. Демек, осы кезге дейін Қазақстанда мемлекет пен дін қатынасының және конфессиялар арақатынасының құқықтық-заңнамалық негіздері жолға қойылған дін саласындағы мемлекеттік саясатты одан ары жалғастырады деген сөз. Мемлекет басшысының Твиттер желісіндегі бұрынғы жазбаларынан-ақ ысырап пен ластыққа қарсы екені, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтыны, прогресшіл және ағартушы исламды қолдайтыны белгілі. Президент соңғы сұхбаттарында «Қазақстанда азаматтық қоғамның бар екендігін», «өз халқына демократия мен еркіндіктерді көбірек бергісі келетінін» айтқан еді. Фейсбук парақшаларында пікірталас тудырып отырған мектеп оқушыларының жамылғысы мәселесінің құзырлы орган тұлғалары тарапынан көтерілуін «еститін мемлекеттің» тарапынан болған сигнал деп қарастыруға болады. Дін ұстану бостандығы адам баласының туабітті ажырамас құқығы екендігі, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның ажырамас белгісі екендігі белгілі.

Имандылықтан арылған қоғамның ұзаққа бармайтынын кешегі өткен тарихтан білеміз. Атеистік мемлекетпен салыстырғанда зайырлы мемлекет дін мәселелерінде мұқият ойластырылған қадамға сүйеніп, ар-ождан бостандығы мен дін ұстану еркіндігін таразының екі басында тең ұстауы қажет. Діни сенім бостандығы – адамның жеке өзі немесе басқалармен бірге қандай да бір дінді ұстануға немесе ұстанбауға, тіпті, атеистік немесе бейтарап қалуына да еркіндік, діни сенімде болуға және таратуға, соған сәйкес әрекет етуге құқығы адамның негізгі жеке бостандықтарының бірі. Бірақ барлығы да өзгенің еркіндігін шектемейтін заң аясында болуы қажет. Осы айтылған мәселелердің бәрі де Президенттің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауының жүзеге асу барысын көрсетсе керек.





## МӘСЕЛЕ

«Белгілі бір ережеміз жоқ, сондықтан бізге қалай жүрсек те болады» дей ме екен, құжатты қажет етпейтін микромобильді көліктер енді Абай даңғылы секілді көлігі көп жолдарды өздеріне тұрақ ете бастапты.



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

– Жол қателікті көтермейтінін неге ескермей барамыз. Самокаттардың «қылығы» халықтың жүйкесіне әбден тиіп бітті. Қараңызшы енді, мына бір самокатты иесі Абай даңғылының (Сейфуллин көшесі мен Масаншы көшелерінің ортасы) бойына, «А» жолағы бар, тек қана қоғамдық көліктер жүретін жолға қалдырып кетіпті. Сонда бұл көліктерге ешкім бақылау жасамай ма? Неге оны пайдаланғандар қалаған жеріне тастап кете береді? Көлік ағыны бір тоқтамайтын мынадай көшелерге олар үлкен қауіп төндірмей ме? Жақында дәл осы самокаттарға арналып ереже шығады деп еді. Ол қашан жүзеге асады? – дейді алматылық Гүлім Бағдатова.

«Құжатты қажет етпейтін көлік иелері жаяу жүргіншілер жүретін тротуарларды да «басып» алған. Қателеспесем, өткен жылы ешқандай лицензиясыз жүріп-тұратын транспорт иелеріне автомобиль жолымен жүруге тыйым салынған болатын. Өз басым қазір көшеде жүруден қалдым. Өйткені, самокаттар кез келген жерде қағып кетуі мүмкін», – дейді Шынар Нұрдулетқызы есімді оқырманымыз.

## ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жылдамдығы сағатына 50 шақырымнан асатын самокат тізгіндеу үшін жүргізуші куәлігі қажет.

Стандарт бойынша электрсамокатқа екі не үш дөңгалағы бар, отырғышы жоқ, жылдамдығы сағатына 25 шақырымнан аспайтын, жеке-дара қозғалысқа арналған электрлі көлік құралдары жатады. Самокаттың декасы, ролі, алды-артында шамы, дабыл қакқышы, тежегіші болуы керек.

Рас, Алматыда самокат мінгендер бұрынғыдан да көбейді. Әу баста олар веложолақтармен ғана жүретін. Кейіннен еркіндікке бой алдырды ма, олар мынадай үлкен көшелермен жүйіткітінді шығарды. Жалпы, халық ешқандай ережеге бағынбайтын мұндай көліктерді адам өміріне қауіпті деп санайды. Өйткені, кейінгі кездері мегаполисте мопед, электрсамокат, монодөңгелек секілді көлік құралдарынан болатын жол апаттары жиілей бастаған. Бұл туралы қоғамдық көліктерге қатысты жиындардың бірінде Алматы қалалық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бастығы Нұрлан Аманбек «Алматыда жеке мобильділік құралдары, яғни мопед, электрсамокат, монодөңгелек секілді көлік құралдарынан болатын жол апаттары артып келеді. Себебі, олардың қозғалысын бақылап отырған ешкім жоқ, бұл құралдарды басқарушыларға ешқандай шектеулер жоқ, яғни олармен қайда жүргісі келсе жүре береді. Осыған орай, алдағы уақытта Алматыда көліктің осы түрлерінің жүру тәртібі, олардың жүргізушілерін әкімшілік жауапқа тарту туралы шаралар қабылданатын болады», – деген еді. Самокатқа байланысты мәселені өткен жылы Сенаттың жалпы отырыстарының бірінде депутат Нұртөре Жүсіп те көтерген болатын. Сенатор бүгінгі таңда Қазақстанның барлық ірі қалаларында жылдам жүретін скутермен бетпе-бет соқтығысып қалуға болатынын айта келіп: «Электрсамокаттар, самокаттар, гироскутерлер қазір азаматтардың өміріне қауіп төндіретін жағдайға тап болды. Қалай болғанда да, жылдамдығы автомобильдің жылдамдығына пропорцио-

# ЖҮГЕНСІЗ «КӨЛІКТЕР» қашан ережеге бағынады?



Төле би – Мұратбаев көшесі жанындағы жаяу жүргіншілер жолы.

налды электрсамокаттар көлік құралдарының кез келген санатына жатпайды. Сондықтан электрсамокаттарын әкелу мен қауіпсіз пайдалануды құқықтық реттеу қажет деп санаймыз», – деп дабыл қаққаны есімізде.

## Электрсамокатқа қатысты стандарт енгізілді

Жалпы, халықтың наразылығын тудырған баламалы көліктер, яғни самокаттарға қатысты мәселе елімізде біраз жылдан бері шешімін таппай келе жатқан-ды. Осыған орай, жақында Ішкі істер министрлігі Қазақстанның стандарттау институтымен бірге жаңа стандарт әзірлеп шығарды. Ереже 1 шілде күні күшіне енді. Яғни қос дөңгелекті көлік құралын сатып аларда жанындағы ақпаратқа толы құжатын талап ету керек. Онда жүру жылдамдығынан бастап барлық ережесі жазылады.

Күніне кем дегенде 700 мыңдай көлік қозғалатын алып шаһарға мұндай көліктер қажет шығар, бірақ оның да өзіне тән ережесі, тәртібі болуы міндетті.

Кикшеринг компанияның негізін қалаушы Мейрамбек Әбілқасовтың айтуынша, Алматыда 200 мыңнан астам белсенді қолданушы тіркелген. «Бүгінде қаланың әрбір онының тұрғыны біздің көлікті пайдаланады. Көлікті

## ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Еуропада мұндай баламалы көліктер үйреншікті транспорт түріне айналып үлгерген. Оларға тіпті, мемлекеттік және аймақтық дәрежедегі заңдар да қарастырылған. Мәселен, Францияда самокаттардың жүру жылдамдығы сағатына 25 шақырымға дейін шектелді. Ал Литвада темір тұлпардан бас тартып, экологиялық таза велосипед, скутер немесе самокатқа ауысқандарға арнайы субсидия бөлінеді екен.

Лос-Анджелесте билік баламалы көліктерге арнап біршама шектеулер мен реттегіш ережелер енгізген. Мәселен, оларда самокатты пайдалану үшін жүргізуші куәлігінің болуы талап етіледі және жаяу жүргіншілер жолымен жүруге тыйым салынған. Қауіпсіздік үшін басына шлем киіп, жылдамдықты шектеп жүру секілді ережелерге бағынады.

## Керек кеңес

Самокатты пайдаланатындар мынаны ескерген жөн. Біріншіден, бұл көлікті екі адам болып тебуге болмайды. Егер жаяу жүргіншілер жолымен жүрсеңіз, алдыңыздан адам шықса, баяулап, сигнал беруіңіз керек. Ал самокатты өндіруші бұл талаптарды көлікке берілетін паспорттың ішінде атап өтуі керек. Яғни самокаттың қауіпсіз болуы үшін аккумулятордың көлемі қанша екенін, самокатқа түсетін максималды салмақ, жас ерекшелігі, адамның бойы қанша болуы керек, ролді қалай ұстау қажет екендігі жөнінде ақпарат болуы шарт.

орта есеппен 8–10 минут қолданады. Яғни олар самокатты қоғамдық көлік ретінде қабылдайды. Кептелісі көп алып шаһарға мұндай микрокөлік қажет-ақ болатын. Сондықтан жұрт оған тез үйреніп кетті. Демек, жол ережесіне өзгеріс енгізетін уақыт келді. Өйткені, стандарт бар. Енді соның негізінде Жол қозғалысы заңы, Жол қозғалысының ережесі және Әкімшілік кодекс өзгертіледі», – дейді ол.

Экологиялық көлік қауымдастығының төрағасы Әнуар Жүсіпов бұл көліктерді бүгінгі күнге дейін жай уақыт өткізуге арналған құрылғы деп қабылдағанын айтады. «Бұл кәдімгі көлік түрі. Самокаттарға сұраныс таңғы және кешкі уақыттарда артатынын байқап отырмыз. Демек, адамдар оқуға не жұмысқа барып-келу үшін самокатты көлік ретінде пайдаланады. Қазір Алматыда тәулігіне 40–50 мың сапар осы көлік түрімен жасалады», – дейді ол.

## КЕРЕК ДЕРЕК

■ Алматыда 200 мыңнан астам белсенді қолданушы тіркелген.

■ Қала тұрғындары бұл көлікпен тәулігіне 40–50 мың сапар жасайды екен.

**P.S.** Жасыратыны жоқ, бұл тақырыпқа қала тұрғындарының айтар шағымы көп. Өйткені, электрлі самокат тізгіндегендер асқан жылдамдықпен жүруді, жол ережелерін жиі бұзуды әлі тоқтатқан жоқ. Ал мұндай жүгенсіздікке қала тұрғындары үзілді-кесілді қарсы. Сондықтан бұл көліктер қатаң бақылауды қажет етіп-ақ тұр.







## ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ

## Кәсіптік білім ал, кәсіби маман атан!

Алматы колледждері 2022 оқу жылында бюджеттік орындарға  
15 мыңға жуық талапкерді қабылдайды



Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қалалық Білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ерік Әбішев дәл қазір колледждерге құжат қабылдау науқаны жүріп жатқаны туралы баяндады.

Бүгінгі таңда еліміз бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Тегін техникалық және кәсіптік білім» жобасы жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы балаларды ерте кәсіптік бағдарлаудың маңызы ерекше екенін баса айтып келеді. Өйткені, өскелең ұрпақ болашақ мамандығын таңдауда саналы болуы керек.

Сондықтан қалалық Білім басқармасы биылғы 2022 жылғы түлектерге болашақ білім траекториясын анықтау үшін колледждерге тапсырар алдында кәсіби диагностикадан өтуді ұсынып отыр. Талапкерлер кәсіби диагностикадан gz.bilimalmaty.kz сайтында өтуге болады.

«Биыл Алматының орта арнаулы оқу орындары мен лицейлеріне қабылдау науқаны 25 маусымнан 25 тамызға дейін жалғасады. Кешкі және сырттай оқуға құжаттарды қабылдау мерзімі 25 маусым мен 20 қыркүйек аралығында. Бұл ретте шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша оқуға құжаттар 20 шілдеге дейін, ал педагогикалық және медициналық маман-

дықтар бойынша 15 тамызға дейін қабылданады», – деді Ерік Әбішев.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында барлық талапкерлер тегін оқу мүмкіндігіне ие болды, ол үшін электронды үкімет пен gz.bilimalmaty.kz порталдары арқылы құжаттарын тапсыру қажет, сонымен қатар колледжге қабылдау жөніндегі техникалық хатшыларға жүгіне алады.

«Орта буын маманы біліктілігін таңдаған әрбір талапкердің төрт мамандық пен төрт колледжге дейін таңдау мүмкіндігі бар. Мамандық таңдау кезінде gz.bilimalmaty.kz порталына тіркеліп, құжаттарды тікелей колледжге тапсыру қажет», – дейді спикер.

Еңбек біліктілігіне түсетін тұлғалар үшін колледж кәсіптік жарамдылық бойынша әңгімелесу ұйымдастырылып, егер мемлекеттік тапсырыс бойынша орынға үміткерлер көп болса, сертификаттың орташа балы және квота санатының болуы басты мәнге ие болады. Өз кезегінде Алматы қалалық Білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Ерік Әбішев бюджетке түсетіндер арасында конкурстық тестілеу мерзімімен де хабардар етті. Негізгі орта білім негізінде оқуға түсетін тұлғалар арасындағы конкурс 19–22 тамыз аралығында, жалпы орта білім беру базасында және ТжКБ базасында 22–25 тамыз аралығында өтеді. Өнер және мәдениет мамандығына түсетіндер үшін 29 шілде мен 2 тамыз аралығында іріктеу өтеді. Сондай-ақ, Алматы қаласындағы колледждерге түсу емтихандары педагогикалық, медициналық мамандықтар мен шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша өтетінін айта кеткен жөн.

Биылғы жылы бюджеттік орындар мына салаларға бөлінеді: «білім» – 900 орын, «өнер-гуманитарлық» – 950 орын, «әлеуметтік ғылымдар» – 25 орын, «бизнес, менеджмент және құқық» – 1000 орын, «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» – 2058 орын, «машина жасау, өңдеу өнеркәсібі және құрылыс индустриясы» – 6158 орын, «ауыл, орман, балық шаруашылығы және ветеринария» – 160 орын, «денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру» – 1066 орын, «қызмет көрсету» – 2588 орын.

Жалпы, Алматы қаласында 83 колледж бар. Олардың 23-і мемлекеттік, 60-ы жекеменшік. Өткен жылдың қорытындысы бойынша мегаполис колледждерінде 19 230 білікті маман дайындалса, олардың 10 278-і мемлекеттік тапсырыс бойынша әзірленді. Барлық түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші 98 пайызды құрады.

## КАДР ДАЯРЛАУ

«Болашақтың»  
иегерлері  
белгілі болды

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің төрағалығымен Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырыс барысында комиссия шешімімен 199 жасқа «Болашақ» халықаралық стипендиясы берілді. Осылайша талапты жастар магистратура мен докторантурада оқитын болады. Биылғы жылы «Болашақ» бағдарламасы барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға баса мән беріліп отыр. Мәселен, өткен жылы инженерлік-техникалық мамандықтарға 36% стипендия бөлінсе, биыл 60% бөлінді. Биылғы жылдың тағы бір ерекшелігі – медициналық бағыттағы академиялық бағдарламаларға үміткерлердің қолжетімділігін және қызығушылығын арттыру мақсатында Республикалық комиссия медицина қызметкерлерін академиялық оқыту үшін жеке санат бөлу туралы шешім қабылдап отыр.

Биылғы жылы «Болашақ» бағдарламасына магистратура мен резидентурада оқуға 385 стипендия, докторантура бағдарламалары бойынша 60 стипендия бөлінді. Сонымен қатар, жылдың соңына дейін Республикалық комиссияның тағы екі отырысы өтеді. «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжат қабылдау биылғы 30 мамырда басталып, 14 қазанға дейін, тағылымдамадан өтуге құжат қабылдау 2022 жылғы 5 қыркүйектен 14 қазанға дейін созылады.

## ТЕСТІЛЕУ

Биылғы жылы мектеп түлектерінің Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағының қорытындысын тексеру қысқа дейін созылатын болды. Білім сынағының қалай өткені туралы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов былайша жеткізген еді.

«Балалар Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсырып болғаннан кейін де тиісті тексеріс қысқа дейін созылатын болды. Кейбіреулер грант тартылғанда оны жеңіп алғанымен видеоларды,

## ҰБТ қалай өтті?

баллдарын қараған кезде әртүрлі ауытқу табылса, онда грант жойылады», – деді Асхат Аймағамбетов.

Тексеріс барысында талапкерлердің қаңтар, наурыз, мамыр айларында тапсырған ҰБТ қорытындыларын тексеріледі.

Егер де тексеру барысында ауытқу 20, 30 баллдан көп болған жағдайда күдік пайда болары сөзсіз. Олардың видеолары бөлек тексерілетін болады. Дәл қазір Ұлттық тестілеу орталығында осындай үлкен жұмыс жүргізіліп жатыр.

## ЗАМАНАУИ МАМАНДЫҚ

## IT мамандарына сұраныс жоғары

Биылғы талапкерлердің арасында IT саласына сұраныстың жоғары екені байқалып отыр. Әрине, бұл салаға тек біздің елімізде ғана емес, шетелдерде де есік ашық. Ақпарат технологиялары қарқынды дамып келе жатқан осынау бәсеке мен нарық заманында алпауыт компаниялар білікті мамандарды өздеріне шақырып, тартуға күш салып жатқаны белгілі. Бұл бағытта қызығушылық танытқан жастар өздерінің біліктілігін жетілдіруге тырысып жатыр.

Біздің еліміз бойынша қазіргі кезде 76 жоғары оқу орны IT саласының кадрларын даярлап жатыр екен. Тиісті стандарттарға сәйкес, академиялық әрі басқарудағы еркіндігі аясында жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеп, білім беру бағдарламаларының тізілімі құрылып жатыр. Өзірге бұл реестрге ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша 537 бағдарлама енгізілген. Оның ішінде 33-і инновациялық және 172-сі жаңа бағдарлама. Олардың қатарында «Бағдарламалық инженерия», «Есептеу техникасы», «Денсаулық сақтау саласындағы IT бағыты», «Дизайндағы қолданбалы информатика», «Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару», «Басқарудың компьютерлік жүйесі мен робототехника», «Киберқауіпсіздік», «Мұнай мен газ саласындағы ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық жүйенің қорғалуы», «Автоматизация және өндірісті басқару», «Жасанды интеллект технологиясы» секілді бағыттар бар. Сондай-ақ, жаңа мамандықтар атласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша алты өзгермелі, 40 жаңа кәсіп белгіленіп отыр. Жастарды оқытуға жобаларды тәжірибе жүзінде іске асырып жатқан мамандар жұмылдырылып жатыр. Сонымен қатар, олар зертхана деңгейінде де студенттерді оқытады. Мәселен, оқу жылының басынан бері жоғары оқу орындары 2 мыңнан астам IT мамандығын даярлап шыққан. Студенттер IT-компаниялар мен кәсіпорындардың базасында тәжірибеден өтуі керек. Бұл үшін осы саланың қыр-сырын тәжірибе жүзінде меңгеруге барлық тиісті жағдай жасалып отыр. Сондықтан бұл мамандық бойынша білім алғысы келетін талапкерлер IT бағыттар тұрғысында лицензиясы бар ЖОО-ларға түсуі керек.



IT саласының даму көрсеткіші бойынша 2021 жылы 15 177 адам IT салада білім алу үшін оқуға түссе, олардың арасында мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 8498 талапкер қабылданды. Былтыр IT бағыт бойынша 9147 жас оқуын тәмамдады.

Сонымен қатар, IT салада жаңа мамандықтар пайда болып отыр. Олардың арасында IT-этика саласындағы кеңесші, кибертергеуші, жасанды нейрон желілерінің жобалаушысы, киборгизация жөніндегі нұсқаушы, цифрлық даму саласындағы тьютор, киберпротектор, кибер-скиллинг – сандық дағдыларды құрастырушы сияқты мамандықтар бар.

Заманауи сұранысқа сәйкес бағдарламалық инженерия, компьютерлік технологиялар саласындағы ғылым, киберфизикалық жүйелер, мәліметтер жөніндегі ғылым, роботтандырылған үшқышсыз аппараттар, IT-менеджмент, IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика сияқты бағдарламалар да алдыңғы қатарда.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

## КОЛЛЕДЖ

Тапсырыс  
көлемі төмен

Биыл колледждерге талапкерлерді тарту жұмысы жеткіліксіз жүргізіліп жатқаны байқалады.

Бұл ретте Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов нақты ақпарат берген еді. Министрдің айтуынша, колледждерге талапкерлерді тарту барысындағы ақпараттық жұмыс жеткіліксіз жүргізіліп жатқан сыңайлы. Мәселен, биыл колледждерге 45 мыңнан астам қосымша грант бөлінді. Бұл дегеніміз, 45 мыңнан астам бала тегін колледжде білім алу мүмкіндігіне ие болды деген сөз. Ендігі жерде осы ақпаратты барлық мектеп бітірушілеріне және 9-сынып бітірушілеріне жеткізу үшін тиісті жұмыс жүргізу қажет. Осы жұмысты білім басқармалары, колледждер әлеуметтік желіде тарату арқылы жандандырып жатса, білім іздеп, маман болғысы келетін жастарға зор көмек болар еді. Тағы бір айта кетерлігі, биылғы жылы бірнеше өңірде колледждерге мемлекеттік тапсырыс көлемі төмендеген.

«Бұл мәселені қайта қарастыруды тапсырамын. Төмендеу болмауы керек. Бұл Президенттің тапсырмасы. Қосымша республикалық бюджеттен грант бөлініп жатыр. Бірақ бұл жергілікті жерлердің мәселесі. Балалар жылы болғаннан кейін республикалық бюджеттен қаражат бөліп жатқанда жергілікті жерде грант санын азайту қисынсыз. Оған жол беруге болмайды», – деді министр.





БИРТУАР

# ТӘШЕНЕВ ТУРАЛЫ ТЕБІРЕНІС

Ұзақ жылдар ел тізгінін ұстаған көрнекті тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшенев ұлтын сүйген арда ұлдардың бірі бола білді. Ол өткен ғасырдың өзінде елдік мәселелерге белсене атсалысты. Елордамызда ұлт қайраткеріне арнап ескерткіш ашылған болатын. Бұл да үлкен құрметтің белгісі деп білеміз. Ұлтжанды азамат туралы бірқатар ойларды ортаға салуды жөн көрдік.



Олжас  
ЖОЛДЫБАЙ

## Ел мақтанышы

Қарапайым ауыл баласы өз бетімен тірлікке ерте араласты. Оның балалық шағы нәубетті кезеңдерге тап келді. Ол уақыт «Байтал түгілі, бас қайғының» кері келген заман болатын. Ашаршылық пен соғыс жас Жұмабектің ерте жетілуіне себепкер болды. Ақмола облысының Танагүл ауылында балалық шағы өтті. Қарапайым тіршілік кешіп, өзінің алға ұмтылысы нәтижесінде оқуда озат болып, қызметтік ортада үлгі істер көрсетті. Солтүстік өңірлерде аудандық партия қызметтерін абыроймен атқарды. Өзінің іскерлік қасиеттерімен жастайынан көзге түсті. XX ғасырда үлкен мансаптық өрлеу жасай алған азаматтардың алғашқы шебінде Жұмабек Тәшенев те болды. Ол абзал істерімен ел мақтанышына айнала білді.

## Батырлық – жүректе

Жұмабек Ахметұлы ұлт пен елдік мәселелерге ерекше мән берді. Сонау заманның өзінде еліміздің батысы мен оңтүстігіне қатысты Мәскеудегі орталықтың шешімдеріне түбегейлі қарсылық танытты. Әсіресе, көрші республикаларға жер бөліп беруге үзілді-кесілді қарсы болды. Тіпті, солтүстік облыстардың басына да дәп осындай жағдай

орнағанда, табанды түрде наразылық білдірді. Ол өзінің мансаптық дәрежесінен гөрі ұлттың мүддесін бірінші орынға қойды. Ешкімнің қаһарынан қаймықпады. Оның қазақы рухы әрдайым тура жолға бастады. Енді біртәуір жақындаса, республиканың бірінші хатшысы болар еді. Бірақ абзал азамат ел басына күн туғанда тасада қалуды жөн көрмеді. Бәлкім, қазақтың маңдайы жарқыраған осындай өжет ұлдарының арқасында осы күнге жеттік десек, артық айтпағандық болар.

Елдің ішінде қайраткерге байланысты аңызға айналған әңгімелер көптеп кезігеді. Халқы оны ерекше ықыласпен жақсы көрді. Бір қызығы, ол түкпір-түкпірдегі елдімекен тұрғындарына дейін сыйлы кісі болған екен. Бір кездері Жолдыбай Базаров мынадай оқиғаның куәсі болыпты. Журналистің ауылында бір ақсақал соңғы демі бітуге аз ғана уақыт қалғанда көңілін сұрап келуші адамдардың біріне: «Өлсек, өлерміз. Тәшеневтен жанымыз артық па?», – деп айтыпты. Осыған қарап-ақ қазақ жұртының оған ерекше разылықпен қарағанын аңдаймыз.

## «Жақсының аты өшпейді»

Ол кісінің оңтүстік өңірлерде атқарған жұмыстары әлі күнге дейін ел есінде. Қазақ жұрты арда азаматтың еліне жасаған игі істерін әліге дейін аңыз етіп айтып жүр. Халқымыз «Жақсының аты өшпейді» деп



текке айтпаған. Өйткені, өз елінің қамы үшін отқа да, суға да түскен батырлардың ерлігі мәңгіге ел есінде қалады. Оны біз тарих парақтарынан білеміз.

Заманында ұлт үшін аянбай қызмет еткен қазақтың маңдайына біткен оғандары аз болмаған. Оны әр саладан көруге болады. Мәселен, XIX ғасырда қазақ сахарасына, оның сыртында Қашқар, Ыстықкөл сапарларын жасаған Шоқан Уәлихановты тілге тиек етуге болады. Ғалым әскери, өнер, мемлекет ісімен қатар, ғылыммен де айналысты. Осылайша қоғамға өз пайдасын тигізді. Алаш алыптары да ұлты үшін аянбады. Күндіз-түні жұмыс істеп, халқымыздың руханияты мен өркениетінің

дамуына орасан зор пайдалы істер жасады. Бұл орайда Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, тағы да басқа арыстардың еңбегі ұшан-теңіз. Солардың заңды ізбасары деп Жұмабек Ахметұлын айтуға толық негіз бар.

Біздер батыр бабалардың заңды жалғасы деп жақсы теңеу айтып келеміз. Қорыта айтқанда, Жұмабек атамның іскерлігі бір төбе. Мемлекеттік қызметті адал атқарып, ел мүддесіне қызмет етуді басты назарда ұстады. Қазақ руханиятына қызмет етіп жүрген азаматтарға үй-жай бергізген ол талай игі істердің басы-қасынан табылды. Артындағы ұрпақтары, бүгінгі біздер батыр тұлғаларымызды ұлықтауды жөн санаймыз.

## ● ТҮЙІН:

Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов «Жұмабек Тәшенев қандай қызметте болса да, ең алдымен өз елінің мақсат-мүддесінен шығатын, халықтың жағдайын ойлайтын, ұлттық мәселелерді КСРО басшыларының алдында тайсалмай қоятын, жүрегі қазақ деп соғатын біртуар азамат еді» депті. Шынында, ол қазақ халқының маңдайына біткен айбынды һәм жігерлі тұлға болды. Әрдайым ізгілік тұғырынан көріне білген азамат.

КІТАПХАНА

# Қазақ руханиятының бір ордасы

Алматы тарихында өзіндік орны бар, руханияттың ордасы атанған Қазақстан жазушылар кітапханасының 1962 жылы қабырғасы қаланған еді. Көпшілік кітапхана ретінде құрылған бұл мәдениет ошағының бүгінде кескін-келбеті, болмыс-бітімі мүлдем өзгерген. Аталмыш кітапхананың іші заманауи техникалармен жабдықталып, оқырмандарға қызмет көрсетуі барынша автоматтандырылған. Өркениет өлкесіне қарай батыл қадам басқан руханият ордасы қоғам талабына сай жанданған кітапханалардың көшін бастап тұр.



Рая  
ЕСКЕНДІР

Еліміздің мәдениет саласына соны серпін әкелген 2000 жылғы «Мәдениетті қолдау жылы» аясында кітапхананың екінші тынысы ашылып, «Қазақстан жазушылар кітапханасы» деп аталған еді. Осынау жауапкершілік білім және мәдениет саласына жаңа серпіліс алып келді. Бүгінде кітапханада оқу залы, абонемент, интернет залы, балалар бөлімі мен оқырмандарды тіркеу және қызмет көрсету аймағы жұмыс жасап жатыр.

Кітапханаға келушілер саны жылына 130 000-нан астам адамды құрап отыр. Қазақ жазушылары мен ақындарының шығармашылығын дәріптеп, танымал етуге маманданған мәдениет ордасында жыл сайын 200-ден астам ірілі-ұсақты іс-шаралар өткізіледі. Осылайша

кітапхана ұжымы да мәдениеттің қарқынды дамуына өз үлестерін қосуда. Сонымен қатар, қазақтың белгілі ақын-жазушылары Ұлықбек Есдәулет, Бауыржан Жақып, Нұрдіәлет Ақыш, Болат Бопайұлы сияқты тау тұлғалы азаматтарды осынау кітапхана ішінен кездестірген сайын олардың тұрақты оқырмандар екенін аңғарасыз.

Кітапхана меңгерушісі Елена Жәмелқызының алдына қойып отырған бір ғана мақсаты бар. Ол үнемі «Тарихи-танымдық бағытта өтетін барлық іс-шаралар жастардың бойына патриоттық сезімді сіңдірумен қатар, оларды ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелесе екен» дейді. Кітапханада әдеби-шығармашылық кештер, ақындармен кездесуден бөлек, баланың дүниетанымы мен ойлау қабілетін арттыратын түрлі үйірмелер де өз жұмыстарын ұршықша үйіріп отыр. Соның ішінде колорет, сурет салу, ағылшын тілі мен көркем сөз және оқырман клубтары тұрғындар тарапынан зор сұранысқа ие болып отыр.

Қазақстан жазушылар кітапханасы 2020 жылы модернизациядан өтіп, оның дизайны мен түс үйлесімділігі оқырмандарды одан сайын өзіне тарта түсті. Бұл жанашырлық оқырманның қалаған кітабын тыныш, таза, әрі ыңғайлы жерде оқуға мүмкіндік берді. Кітапхана кеңістігінің жаңғыруы, қордың алуан түрлілігі мен интернетке тегін қолжетімділік оқырмандардың қажеттілігін қанағаттандырып қана қоймай, кітапхананың қоғамдағы орнын айқындап бергені анық.

Қазіргі таңда 60 000 кітап қоры бар Қазақстан жазушылар кітапханасы өз оқырмандарына кітап таңдаудың кең спектрін ұсынып, әмбебап қызмет көрсетіп келеді.

Білімнің қайнар көзі – кітапхана, ал кітап пен оқырман арасындағы нәзік байланыстың алтын көпірі – кітапхана-шылар. Олай болса, еліміздің ертеңі болар жастарды білім нәрімен сусындатар кітапханалардың санын арттырып, аталмыш кітапхана сияқты сапаға күш салуымыз керек.





## МАРАПАТ



## «Жас спортшыларға көмектескім келеді»

**Елена Рыбакина ҚР Президентінің Жарлығымен үздік спорттық жетістіктері және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.**

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Уимблдон турнирінде тарихи жеңіске жеткен қазақстандық теннисші Елена Рыбакинамен кездесті. Үкімет басшысы Қазақстанның әйелдер арасындағы бірінші ракеткасына ел Президенті үздік спорттық жетістіктері және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қосқан үлесі үшін берген II дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.

«Барлық қазақстандықтар әлемнің ең атақты теннисшілеріне қарсы сіздің қалай жарысқаныңызды тамашалап отырды. Үлкен Дулыға турнирінде жеңіске жетіп, сіз барлық отандастарымыздың үмітін ақтадыңыз. Сондай-ақ, Қазақстанда теннисті дамытуға база жетпес үлес қостыңыз. Бұл жеңіс көптеген жас спортшыларды ынталандырады деп сенеміз», – деді ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов.

Кездесу барысында қазақстандық теннисші жүзде қаражатының бір бөлігін қайырымдылық пен жас спортшыларды қолдауға бағыттауды жоспарлап отырғанын айтты.

«Менің ойымша, теннистен турнир ұйымдастырып, жас ойыншыларға грант тағайындау дұрыс болар еді. Өйткені, бұрын маған да үлкен қолдау көрсетілді. Енді жас ұрпақтың дамуына көмектесетін менің кезегім келді», – деді Елена Рыбакина. Сондай-ақ, спортшы қаражаттың бір бөлігін жануарларға көмектесуге жіберуді жоспарлап отыр.

## КЕҢЕС

## Олимпиада – кәсіби дайындық көрсеткіші

**Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев 2024 жылы Парижде өтетін Олимпиадаға дайындық мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Іс-шараға Ұлттық Олимпиада комитеті, спорт федерацияларының басшылары және мемлекеттік жаттықтырушылар қатысты.**



«Олимпиада нәтижесі – кәсіби дайындығымыздың көрсеткіші болмақ. Оған федерация басшылары, жаттықтырушылар, бапкерлер, тиісті сала мамандары және мен – барлығымыз жеке-жеке жауаптымыз», – деді Дәурен Абаев.

Министр спортшыларды даярлау жүйесінде түйткілді мәселелер бар екенін айтты және оларды шешу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Мәселен, Үкімет тарапынан спорттың инфрақұрылымды дамытудың жоспар-кестесі әзірленді. Биыл Алматы, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында 10 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу жоспарланған.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев еліміздегі 25 жеңіл атлетикалық манеждің тек бірнешеуі ғана жалпы талаптарға сай екенін айтты. Ал 367 жүзу бассейнінің тек

екеуінде халықаралық талаптарды ескере отырып жарыстарды өткізуге болады.

Министр Ұлттық құрама командалар мүшелерін даярлауды қамтамасыз ету мәселелеріне де тоқталды. Шілде айынан бастап республикалық спорт колледжі базасында күрес түрлері бойынша жаттығу орталығының жұмысы пилоттық режимде іске қосылса, К.Ахметов атындағы республикалық олимпиадалық резерв мектеп-интернат-колледжі базасында Дзюдо академиясы ашылды.

Сондай-ақ, 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап 2024 жылға дейін спорт төрешілерінің жұмысына ақы төлеу кезең-кезеңімен 100%-ға артады. Спорт саласындағы төрешілерге жарыстың әр күні үшін ақы төленеді. Биыл қаржылай төлемнің көлемі 2600 теңгеден 8000 теңгеге дейін, ал 2023 жылы – 13 мың теңгеге дейін, 2024 жылы – 17 мың теңгеге дейін көбейетін болады. Бұдан басқа, 2022 жылғы

## BASKETБОЛ

## Назар – Азия кубогында

**Индонезияның астанасы Джакарта қаласында ерлер командалары арасында баскетболдан Азия Кубогының мерейтойлық 30-шы ұтыс ойыны басталды. Топтық кезеңнің екінші күнінде турнир аясындағы алғашқы ойынын Қазақстан ұлттық құрамасы өткізеді. Біздің команданың алғашқы қарсыластары Азияның екі дүркін чемпионы және бірнеше дүркін жүлдегерлері – Жапония құрамасы болмақ. Осы орайда, екі команданың өзара кездесу тарихына көз жүгіртейік.**

Баскетболдан Жапонияның ерлер құрамасы – Шығыс Азия елдерінің ең шебер әрі жүлделі құрамалардың бірі. Жапон командасы Азия чемпионаттарының финалдық кезеңдеріне қатысу саны бойынша Оңтүстік Кореядан кейінгі екінші орында. Сондай-ақ, олар 1966 және 1971 жылдары екі рет баскетболдан Азия чемпионы атанған. Ал олимпиада ойындарындағы ең жақсы жетістігіне 1936 жылы жеткен – 9-орын.

Екі құраманың кездесу тарихына келер болсақ, Қазақстан мен Жапония командалары алғаш рет 1995 жылы Азия чемпионатында кездескен. Бұл ойында жапон спортшылары басым түсіп, 82:90 есебімен жеңіске жетті. Бұдан кейін Азия чемпионаты аясында айтылған командалар тағы үш рет кездескен: 2005 жылы күншығыс елінің спортшылары тартысты ойында 1 ғана ұпай артықшылықпен жеңіске жетті, есеп – 67:66. Екі жылдан кейін 2007 жылғы кездесуде жеңіс нағыз шеберлік танытқан біздің құрамаға бұйырды – 82:73. Бұл матчтың Жапонияда болғанын айта кеткен жөн. 2009 жылы отандастарымыз тағы да Қиыр Шығыстағы қарсыластарымыздан 77:73 есебімен басым түсті. Тек Азия чемпионатындағы ойындарды қорытындылайтын болсақ, әзірге екі құраманың кездесудегі есебі 2:2 болып тұр.

Өзге турнирларға да назар аударсақ, командалар Азия ойындары (Азия чемпионатынан бөлек жарыс) аясында екі рет кездесті: 2006 жылы отандастарымыз 77:72 есебімен жеңіске жетсе, 2014 жылы жапон ойыншылары біздің командамыздан басым болған. Азия ойындарының қола жүлдесі үшін болған кездесу 76:72 есебімен аяқталды.



Барлық ойындарға көз жүгіртер болсақ, ойындардағы есеп айырмашылығы 10 ұпайдан аспайтынын байқаймыз. Тек 2010 жылы ғана Қиыр Шығыстан келген қарсыластарымыз айқын басымдылықпен жеңіске жеткен. ФИБА турнирлері шеңберіндегі ұйымдастырылған Азия Челленджінде (бұрынғы Станкович Кубогы) қазақ-жапон кездесуі 100:57 есебімен жапондықтардың пайдасына шешілді. Екі команданың өзара соңғы ойындары 2018 және 2019 жылдары Әлем кубогына Азиялық іріктеу кезеңінде өтті. Біздің жігіттер өз алаңы мен сыртқы ойында да жеңіске жете алмады, есеп – 70:85 және 86:70. Осылайша жалпы есепте әзірге 6:3 есебімен Жапон құрамасы алда тұр. Дегенмен, алдағы Азия Кубогындағы ойындардың нәтижесінде біздің есеп айырмасын қысқартады деп сенеміз!

сағатқа дейін төмендету бағытында жұмыс жүргізіліп жатыр. Отандық спорттың ғылыми-медициналық базасын нығайту тұрғысында Дәурен Абаев республикалық талдау орталығының мәртебесін күшейту, оның ішінде қызметкерлердің еңбекақысын арттыру бойынша жұмыс басталғанын да айтты.

«Бұл орталық мүдделі органдармен бірлесіп, спортшылардың физиологиялық жай-күйін, медициналық тұрғыда жан-жақты қамтамасыз етілуін, жарақаттану деңгейін және т.б. ескере отырып, олардың ойын нәтижелерін талдау негізінде жоғары жетістіктер спорттың дамытумен айналысатын болады», – деп атап өтті министр.

Сондай-ақ, спорт дәрігерлерінің өңбек-ақысын арттыру, арнайы мамандарды шақыру, заманауи жабдықтарды сатып алу, спортшыларды тамақтандыру нормаларын бекіту, фармакологиялық қамтамасыз ету тізбесін жаңарту мәселесі талқыланды. Кеңес қорытындысы бойынша Дәурен Абаев федерацияларға олимпиадалық циклге арналған кешенді-мақсатты бағдарламаны және дене шынықтыру ұйымдарына спорт түрлері бойынша даярлық бағдарламасын әзірлеп, оны толықтай бекітуді тапсырды.



Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.





ДӘСТҮР

Құрбан айт – Ораза айттан кейін 70 күн өткен соң келетін мейрам. Мұсылман қауымы бұл мерекені қатарынан үш күн тойлайды. Айт күндері құрбандық шалынады. Бұл күндер Ұлы Меккеге қажылықпен аяқталады. Ал айт күндері мұсылманның атқаратын ең жақсы ісі – құрбан шалу. Құрбан шалу – Алла Тағалаға жақын болу, күнәлардың кешірілуі, Жаратушы Иеміздің көптеген нығметтеріне шүкір ету, бай мен кедейге кеңшілік жасау үшін міндеттелді. Өйткені, осы күні барлық адам Алла Тағаланың қонағы болады, құрбан етінен жейді, оны тарту етеді, одан садақа береді.



Рая  
ЕСКЕНДІР

Ақ дастархан жайылды

Алматының қос бірдей басылымы «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінің басын біріктіріп, қанатының астына алып отырған «Alatau Aqparat» медиахолдингі өз жұмысында тек шаһардың тыныс-тіршілігін қамтып қоймай, ұлттымыздың өткен тарихы мен терең философиялық мәні бар дәстүрлі мерекелерін де аса құрметпен атап өтуді дәстүрге айналдырған.

Жалпы, ұжымда діни және ұлттық сана-сезімнің жоғары деңгейде қалыптасуына, оған тиісінше құрмет көрсетуде ұлттық салт-дәстүрді насихаттап отырудың да маңызы ерекше зор. Сондықтан болар, аталмыш ұжымда ұзақ уақыттан бері Ауызашар тұрақты үрдіске айналып, ораза ұстаған қызметкерлерге тұрақты түрде ауызашар беріледі. Сонымен қатар, ұзақ жылдар басылымда еңбек еткен ардагерлерге материалдық және моральдық қолдау көрсетіліп отырады. Осы орайда «Alatau Aqparat» медиахолдингі Құрбан айт мерекесін де ерекше атап өтті. Құрбан айттың соңғы күнінде құрбандық шалынып, аулаға ақ дастархан жайылды. Басылымның жанашырлары мен адал досына айналған жазылушылары да Құрбан айтпен құттықтай келді.

Қашаннан-ақ қарбаласып жататын редакцияның ауласы да таңертеңнен бастап қызу тірлікке толды. Дайындыққа кіріскен қызметкерлер өздерінің қаламға ғана жүйрік емес, қазанды да қайната білетіндіктерін көрсетті. Мал сойылып, қазан көтерілді. Бауырсақтың ісі мен қос иіннен демалған самаурын келушілерге жақсы көңіл күй сыйлады. Қонақтардың тура туған ауылына келгендей көңілдері көтерілді. Қос басылымның байырғы оқырмандары – Дінмұхамед Қонаев атындағы музей-үйінің басшысы Диар Асқарұлы Қонаев, «Айгөлек» балалар журналының Бас редакторы Қымбат Әбдідина, белгілі журналист және қоғам қайраткері Ермұрат Бапи, медиахолдингінің шығармашылық дамуы жөніндегі кеңес мүшелері мен біздің тұрақты тәлімгерлеріміз – Отандық



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



журналистика Академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев және Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының жетекші ғылыми қызметкері Елжан Біртанов, ЮНЕСКО-ның жетекші ғылыми қызметкері Валерий Жандәулетов, MedRemZavod компаниялар тобының бас директоры Арыстанбек Жұмағұлов, танымал отандық бизнесмен және меценат Саяхат Боранбаев, сондай-ақ қала әкімдігінің өкілдері мен басқа да қонақтар жайылған дастарханға ризашылықтарын білдірді. Ақ дастархан басына жиналған қауым Алатау ауданына қарасты «Мырзахмет» мешітінің наиб-имамы Олжас Базовтың адамгершілік, әдептілік тұрғысындағы уағыздарын тыңдап, ішкі жан-дүниелерін рухани азықпен толтырды.

Жақсы сөз – жарым ырыс

Жұрт болып дастархан басына жиналғанда Құран оқып, бата беру – қазақтың дәстүрі. Сондықтан біздің ұжым да өзінің ақ дастарханна арнайы Алатау ауданында орналасқан «Мырзахмет» мешітінің имамы Олжас Базовты шақырды. Дін қызметкері ас алдында дұғамен бата айтып, жиналған қауым әл-ауқаттанған соң, Қасиетті Құран сүрелерін оқыды. Ұжымның үлкенді-кішілі қызметкерлерін бір ортаға ұйытып уағыз айтты,

«Құрбан айт» мерекесінің мәнін ашты. Имамның айтуынша, бұл мұсылман мерекесі тек ас ішіп, мал бауыздауды мақсат тұтпайды. Мерекенің түпкі мәні – көптен көріспеген, арасында араздығы бар адамдарды татуластыру, мұқтаж адамдарға көмек жасауға себепкер болу, көпшілікті иман мен мейірімге шақыру.

– Бүгінгі күні қазақ басына іс түссе ғана қой сояды. Қайғы келсе де, қуаныш болса да – сол. Алайда, Құрбан айттағы малды біз тірілер үшін, ата-анамыз бен отбасымыздың амандығы үшін шалуға міндеттіміз. Дүниеден өткен соң жақындарымызды жоқтамай, барында бағалап, өз парызымызды тура жолмен атқарайық, – деді имам.

Сондай-ақ, дін қызметкері айтулы мейрамда қайырымдылық жасаудың мәнін әңгімелеп берді.

– Жасалатын жақсылық істің садақа болуы үшін діни тұрғыдан үш ерекшелікке ие болуы керек: мұқтаж жанға беру, Алла разылығы үшін берілуі және берілген садақа өз мүлкінен, адал табысынан болуы тиіс. Құранда «Бір жақсылық істеген адам он есе сауапқа ие болады» (6.Әнғам-160) делінген. Сондықтан бір-бірімізге жақсылық қылайық. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) сахабаларына айтқан бір әңгімесінде «қандай да бір іс жасаса (біреуге жол көрсету, жолдағы зиян тигізетін затты алып тастау, ілім алу, үйрету т.б.) ол үшін бір садақа» деп өсиет еткен, – деп айтып өтті.

Еңбек еленді

Дәл осы мереке күні «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары Әнуарбек Әуелбек, Web-редакция жетекшісі Дәурен Дүйсебаев, фототілші Самат Құсайынов, «Вечерний Almaty» газетінің бөлім редакторы Ирина Тулинова ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

– Құрбан айт мерекесі мен үшін тосын сыйға толы болды. Еңбегім еленіп «Ақпарат саласының үздігі» атандым. Жалпы, ақпарат саласында фототілшілердің еңбегі елеусіз қалып жататыны жасырын емес. Сондықтан бұл марапат еліміздің фототілшілері үшін де үлкен құрмет деп білемін. Болашақта фототілшілердің еңбегі ескерусіз қалмайды деп ойлаймын, – дейді әріптесіміз.

Жауапты хатшы Әбдіжамал Сапарқұловтың жас қозы етінен дайындаған сірнесі мен шашпа палауынан ауыз тиген жұртшылық елдің амандығын, аспанның ашықтығын тілеп, дұға жасады.





## ЖИЫН

**«Қазақ анимация»  
шығармашылық  
бірлестігі  
құрылады**Айнұр  
СЕНБАЕВА

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» акционерлік қоғамы жанынан «Қазақ анимация» шығармашылық бірлестігін құру бойынша жиын өткізді. Бұл туралы министр өзінің әлеуметтік желідегі жеке парақшасында жариялады.

Министрдің айтуынша, жас ұрпақ тәрбиесі анимация мен тығыз байланысты. «Қазіргі таңда бүлдіршіндеріміз батыстан үздіксіз келіп жатқан шетелдік өнімдерді қарап, тілімізге де, ділімізге де қайшы мультфильмдерді көптеп көріп жатқаны жасырын емес. Сол себепті де, біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымызға негізделген отандық өнімдеріміздің өрісін кеңейтуді қолға алып отырмыз», – деді Дәурен Абаев.

Мәдениет және спорт министрлігінің тікелей бастамасымен «Қазақ анимация» бірлестігінің жұмысын іске қосу – ең алдымен ұлттық анимацияны қолдаудың жана жүйесін қалыптастырады. Министр атап өткендей, ауқымды жұмысты бірден жолға қою оңай емес. Сондықтан алдымен анимациялық пилоттық жобалардың сценарийлеріне байқау ұйымдастырылды. Қазірде ұсынылған жобаларды іріктейтін сараптамалық кеңес құрылмақшы. Сондай-ақ, жиында отандық анимация мамандарының шетелдік компанияларда тағылымдамадан өтуі жайлы мәселе жан-жақты сараланды.

«Бүгінде әлемнің бірнеше жетекші анимациялық студиясынан шетелдік маман тарту арқылы жыл соңына дейін алғашқы 10 пилоттық жобаны көрерменге ұсынуды көздеп отырмыз. Біз осы жұмыстар арқылы ұлттық анимацияның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ол өнімдерді үлкен прокатқа шығаруды жоспарлаймыз. Заман көшінен қалмай, білімді де білікті шығармашыл жастарымызды қолдап, жаңа идеялар мен тың бастамаларға ыңғайлы алаң жасауымыз қажет. Аудитория сұранысын қанағаттандыратын сапалы контент қалыптастырып, шетелдік әріптестермен тығыз байланыс негізінде қазақ анимациясын халықаралық дәрежеге көтереміз деп сенемін», – дейді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

## НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Нұржамал  
ӘЛШЕВА**Отың өшпесін**

Үйлену тойы болып жатыр. Асаба екі жастың құрметіне арнап пісірілген тортты ортаға әкеле жатқанын хабарлады. Кең залдың жарығы түгел өшірілді. Мейрамхана даяшысы күйеу жігіт пен қалыңдықтың бойымен бірдей етіп пісірілген, бірнеше жерден шаншылған шырағданы бар тортты сән-салтанатпен жеткізді.

Екі жас қолтықтасқан күйі алып тәттіге жақындап келіп, той салтының жазылмаған заңымен отшашуды бір мезетте демалмастан үрлеп өшірді. Зал ду соғылған шапалақтарға көмілді, сол сәтте жарық та берілді. Екі жас бір-біріне мейірлене қарап, өздеріне қадалған сан мың көзден имене ұялып, тортты қос қолдап пышақпен бөліп жатты. «Бірге таңдаған жолымыз, ендігі бірлескен өміріміз осы торттай дәмді болғай!» деп екеуі де, жанашыр жақындары да іштей тілек тілеген шығар. Бәрі жарасымды. Әдемі. Бірақ...

От бар жерде – жан бар. От – тірліктің негізі. Қазақ бабам отқа қарап түкірмейді. Отқа, шалаға су құймайды. Отқа су құйса, үй ішін күл басады, күл басса, нас басады. От иесі қашады. Оттай ыстық жалын суыйды. Құштарлық сөнеді. Бұның бәрі қазақтың ырымы.

Айтпақшы, бірге немесе жетіге толып жатқан балаларымыздың туған күнінде де тортқа бір немесе жеті балауыз шамды шаншып қойып, оны барынша сән-салтанатты жағдайда үрлеп сөндіру де таңсық емес бүгінде.

От – үйдің жарылқаушысы, шамшырағы. Қазақ жаңа түскен келінге алғаш табалдырықтан аттағанда үлкен үйдегі отқа сәлем бергізеді. Одан соң от басына төселген жұмсақ теріге отырғызады, оттай жайнап, терідей жұмсақ бол деген ырым-тілек екен. Келін отқа сәлем бергенде: «От-ана, Май-ана, жарылқа!» деп тілек тілейді. Өзге әйелдер отқа май құйып, алақандарын қыздырып алып келіннің бетін сипайды, бұл жүзі жылы, дидары ыстық болсын дегені.

Осындай ырымдарды ескерсек, торттың үстіне жағылған шырақтарды үрлеп сөндіру қаншалықты дұрыс деген ой келеді кейде...

**Жалғыз ұл**

Хадишаның бетіне қарап отырған жалғыз ақыры үйленді-ау, 28 жасында. Анасы қатты уайымдап жүретін, «бұл баланың талғамы тым өсіп кетті ме, қайдам, қыз жоқ үйленетін дейді де жүреді. Өзің білесің, кеш тұрмыс құрдым. Енді қартайып келемін, немере қызығын көргім, сезінгім келеді» деп мұнайып отыратын.

остросюжетный  
детектив (повтор)  
(худ.сериал)  
02.20 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек  
телехикаясы  
(қайталау)  
03.50-  
04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-  
ХАНШАЙЫМ»  
(қайталау)

## QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Әнұран  
07.05 «Топ жарған  
тоғызқұмалақшылар».  
Арнайы репортаж  
07.20 ФУТБОЛ. OLIMPBET-  
Қазақстан Кубогы.  
«Каспий» – «Қайсар»  
09.25 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа  
мен Конференция  
Лигасының журналы  
10.05 «SUPER BOL!» 3 выпуск  
11.00 ТЕННИС. Challenger 80.  
Тікелей эфир  
13.00 «Боз кілемге барын  
салған». А.Кебіспаев.  
Деректі фильм  
13.30 ТЕННИС. Challenger 80.  
Тікелей эфир  
15.35 «PRO FOOTBALL».  
Маусым қорытындысы  
16.10 Мақсат Исабаболовпен  
сұхбат  
16.40 ТЕННИС. ЖУРНАЛ  
ТУРНИРА Challenger 80.  
3-выпуск  
16.45 «КӨКПАР». Ұлттық  
ойын. 17 ойын. Нұр-  
Сұлтан қаласы –  
Түркістан облысы  
17.30 «SUPER BOL!» 3  
выпуск  
18.25 ФУТБОЛ. OLIMPBET-  
Қазақстан Кубогы.  
«Тұран» – «Астана».  
Тікелей эфир  
20.30 ФУТБОЛ. УЕФА  
Чемпиондар Лигасының  
журналы  
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-  
Қазақстан Кубогы.  
«Қайрат» – «Ақсу».  
Тікелей эфир  
23.00 «С VOLLEY К ПОБЕДЕ».  
2 сезон.  
5 выпуск  
23.25 «КӨКПАР». Ұлттық  
ойын. 18 ойын.  
Маңғыстау облысы  
– Батыс Қазақстан  
облысы  
00.10 Әнұран

## balapan BALAPAN

- 7.00 Қазақстан  
Республикасының  
Мемлекеттік Әнұраны  
Анимация. Отандық /  
«Білгішбектер»  
7.40 «Смайктикер»  
Мультхикая.  
8.20 Анимация. Отандық /  
«Ойыншықтар»  
8.30 «Дарын мен Айзере»  
ситком  
8.45 «Тәуекел» спорттық  
бағдарламасы  
9.05 «Еге мен Гага»  
Мультхикая.  
9.20 «Қонжық Расмус»  
Мультхикая.  
9.35 «Көңілді жексенбі»  
отбасылық сайыс  
9.50 «Баданаму  
қорғаушылары»  
Мультхикая.  
10.20 Анимация. «Ер Тарғын»  
10.45 «Зак дауыл»  
Мультхикая.  
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-  
сауықтық бағдарламасы  
11.20 Анимация. Отандық /  
«Ғарышкер бала Жігер»  
11.55 Анимация. Отандық /  
«Ержүрек сақшылар»  
12.10 Анимация. Отандық /  
«Батыл ұшқыштар»  
12.20 «Табиғат сақшылары»  
ситком  
12.45 «Қырық төрт мысық»  
Мультхикая.  
13.10 Анимация. Отандық /  
«Маржан тіс»  
13.20 «Тентек» телехикаясы  
13.55 Анимация. Отандық /  
«Томпи»  
14.05 «Байқа, балақай!»  
танымдық бағдарлама  
14.10 Анимация. Отандық /  
«Жібек»  
14.40 «Мумилер өлкесі»  
Мультхикая.  
15.00 Анимация. Отандық /  
«Қобыланды батыр»  
15.10 «Ежелгі қалаларға  
саяхат» ақпараттық-  
танымдық бағдарлама  
15.15 Анимация. Отандық /  
«Ержүрек сақшылар»  
15.30 «Смайктикер»  
Мультхикая.  
16.10 «Дарын мен Айзере»  
ситком  
16.25 Анимация. Отандық /  
«Алан мен Қозықа»  
16.55 Анимация. Отандық /  
«Ер Тарғын»  
17.20 «Қонжық Расмус»  
Мультхикая.  
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-  
сауықтық бағдарламасы  
17.45 Анимация. Отандық /  
«Ойыншықтар»  
17.55 Анимация. Отандық /  
«Ертемір»  
18.35 «Еге мен Гага»  
Мультхикая.  
18.50 «Баданаму  
қорғаушылары»  
Мультхикая.  
19.20 Анимация. Отандық /  
«Алан мен Қозықа»  
19.50 Анимация. Отандық /  
«Білгішбектер»

- 20.25 «Тентек» телехикаясы  
20.55 Анимация. Отандық /  
«Томпи»  
21.05 «Қырық төрт мысық»  
Мультхикая.  
21.30 «Табиғат сақшылары»  
ситком  
21.55 «Зак дауыл»  
Мультхикая.  
22.25 «Әжемнің ертегілері»  
кешкі ертегі.  
22.40 «Аполлонның ерлігі»  
Мультхикая.  
23.05 Анимация. Отандық /  
«Ғарышкер бала Жігер»  
23.35 «Мумилер өлкесі»  
Мультхикая.  
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран  
0.00 Эфирдің жабылуы

## ASTANATV

- 06.00 «Фазилет ханым»  
телехикаясы  
07.00 «Маша и медведь» М/ф  
09.30 «Кеш келген махаббат»  
үнді телехикаясы  
11.20 «Алдараспан»  
16.00 «103» телесериал  
17.40 «Брат или брак 2» Х/ф  
19.50 «Тік-Ток хаус»  
телехикаясы  
21.00 «Жылама, ана» түрік  
телехикаясы  
21.55 «Кеш келген махаббат»  
үнді телехикаясы  
23.35 «Каникулы OFF-LINE 2»  
Х/ф  
01.35 «Тік-Ток хаус»  
телехикаясы  
02.30 «AZIL keshi»

## TALIMTV TALIMTV

- 07.05 Балалық шаққа саяхат  
07.40 Ғибратты ғұмырлар  
08.10 Ой-талқы  
09.00 Қазақы әңгіме  
09.40 Айтыстар. Алтын қор  
10.00 Саулықтың сыры  
10.10 «Баланы бала деменіз»  
– Балалар уақыты  
10.30 Денсаулық сыры  
10.50 Ем болсын  
11.00 «Маңызды мәселе  
(Архив)» – Қайталау  
12.00 Ұлт саулығы  
12.30 Рухани байлық  
13.10 Саулықтың сыры  
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)  
14.10 Тәлім History  
14.50 Саулықтың сыры  
15.00 «Сырласайық»  
(Архив) –  
Қайталау  
16.00 Тессаодағы тіршілік  
формуласы – 1 бөлім  
17.00 Тессаодағы тіршілік  
формуласы – 2 бөлім  
18.00 Өнер қырандары  
18.50 Денсаулық сыры  
19.00 Руханият  
19.35 По душам  
19.50 Ұлт саулығы  
20.00 «Бір дубль»  
21.10 «7 келін»  
21.30 Дара тіл  
22.00 Talim Speakers  
22.30 Латын  
23.00 Абайдың жолы  
23.30 Orkeni style



«Кит Турман – Марио Барриос». Кәсіпқой бокс.  
«Хабар» арнасы. Сағат 9.00-де.





ПАЙЫМ

Бірде құрбым «Сен өнер адамдарының ортасына жиі барасың ғой. Жақында баламның тұсауын кестірейін деп едім. Ел алдында жүрген «пәленше» деген әншіге тойымызға келіп, тұсаукесер рәсімін жасауға қолқа салып көрші, ақшасын төлеймін» деді. «Жаным-ау, айдаладағы әншіге ақша төлеп қайтесіз, өз әулетінде, дос-жарандарыңның арасында абыройлы, қимылы ширақ адамға кестіргенің дұрыс емес пе?» дегеніме қарамастан әйтеуір әлгі әншімен байланысып, қомақты қаржы, беріп тойына шақырды. Әрине, кім де болса баласының халқына қалаулы, абыройлы азамат болғанын қалайды. Дегенмен, халқымызға тән мағыналы дәстүрлерімізді, әдет-ғұрыптарымызды шоуға, саудаға айналдырып алған жоқпыз ба деген де ойға қаласың. Одан қалса, жаппай шарифатты ұстанамыз деп, керісінше иманымыздың әлсірегенін де мойындамай жүрміз.



## Дәстүр мен дін болжамға емес, ғылымға негізделсе...

### Жөн-жоралғыны кім біледі?

Қазақтың салт-дәстүрі, этнографиясы, фольклоры ауыздан-ауызға тарап, бүгінгі күнге жеткендіктен әрбіріміз өз ата-әжелерімізден, ауыл-аймақтағы үлкен кісілерден естіп-білгендерімізді күнделікті тұрмысымызда қолдануға тырысамыз. Қазақ даласы кең-байтақ болғандықтан әр өңірде салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жоралғылары әртүрлі екенін көріп жүрміз. Оның үстіне біраз жыл қазақтың тамырымыздан үзіліп, бабаларымыздың жолынан адасып қалғанымыз да кейбір дәстүрлеріміздің ұмытылуына, өзгеруіне себеп болды. Етек-жеңімізді жиып, егеменді ел болғалы ұлттық болмысымызды қалпына келтіру үшін әдет-құрып, салт-санамызды жаңғыртуға тырысып келеміз. Бірақ дәстүрге қатысты ғылыми пайымнан гөрі жеке адамдардың таным-түсінігіне, болжамына көбірек сенеміз. Шындығында, қазақтың кез келген тойында дәстүр сан-саққа бұрмаланып, әркім өз білгенін істеп жүр. Келін сәлем сала ма, салмай ма, қыз баланың тұсауы кесіле ме, кесілмей ме, тұрмысқа шықпаған жас қыз орамал таға ма, таппай ма деп қызыл кеңірдек болып, дәстүр мен діннің аразығын ажырата алмауымыздан, әдет-ғұрыптарымызды шала-шарпы білгендігімізден өз арамызда дау туады.

Күні кеше әлеуметтік желіде баланың тұсауын артқы жағынан кесіп жатқан сурет тарайды. Осы суретке жазылған оқырман пікірлерінен тұсаукесер рәсімін нақты білетін, ғылыми дәлелге сүйенетін адамды байқай алмадық. Бәріміздің тұсаукесер туралы білетініміз ала жіп, тоқ ішек, көк шөптен аспайды.

Белгілі этнограф Берік Жүсіптің айтуынша, дүдәмал деректерді талқыға салып, дәстүрді бұрмаламау үшін ғылымға сүйенген жөн. Ғалым ақиқат пен жалған пайым арасындағы нәзік тінді түстеп тану үшін дәлел керек екенін айтады. Берік Жүсіпов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасына «Қор болған дәстүр. Ғылымсыз жорамал жарға жығады» деген тақырыпта жазба қалдырып, дәстүрге қатысты ғылыми әдебиеттердің тізімін ұсынды.

«Бұл өзі әбден таптаурын болған тақырып сияқты көрінгенмен, үңілген сайын бауырына бүккен сыры мүлдем басқа қырынан ашыла түсетін тым нәзік сала. Белгілі ағартушы Ы.Алтынсарин, фольклорист А.Диваев материалдары арасынан, талай жауһарды бұла бастаудан

жазып алған А.Левшин, В.Радлов, Г.Потанин еңбектерінен, сондай-ақ С.Броневский, Н.Гродеков, Р.Каруц зерттеулерінен этнографияға қатысты іздегеніңді толық табуға болады. Оны қиынсыңғандар үшін отандық ғалымдар жиып-терген «Күйеу келтір, қыз ұзат» (1992), «Казахские национальные обычай и традиции» (2002), «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» (2005), «Казахская традиционная культура в собраниях кунсткамеры» (2008), «Қазақтың этнографиялық категориялары, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» (2011) жинақтарының өзі неге тұрады? Бірақ ай астынан жаңалық іздейтіндердің ғылыммен шаруасы шамалы ғой. Тіпті болмаса, «дайын асқа тік қасық» әдетпен Н.Қазыбековтің «Дала өрнектері» (1994), Қ.Тәкежанұлының «Қазақтың ежелгі әдет-ғұрыптары» (2005), Е.Оспанұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» (2009) сияқты бірнеше кітапты оқып алып, этнография жайын сосын сөз етсе де жолынан жаңылмас еді-ау», – деп жазды ғалым.

### Тұсаукесер

Өңгімеміздің әлқиссасы тұсаукесерден басталғандықтан, осы бір тамаша ғұрып-мызға тоқталуды жөн көрдік.

Этнограф-ғалым Сейіт Кенжеахметұлының «Жиған-терген» атты жинағында тұсаукесер салтына мынандай анықтама береді.

«Тұсаукесер – сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым». Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын кәдімгідей тұсап, оны аяғын жылдам басытын әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап тез жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушінің кәдесін береді».

Жазушы Әшірбек Көпіштің «Өнер» баспасынан 2013 жылы шыққан «Той – қазына» жинағында «Тұсаукесер – шілдеханадан кейінгі ағайын-жұртты біршама молырақ топтастыратын қадам басу тойы» деп жазады.

Автордың пайымдауынша, тұсаукесерге әйелдер де, ерлер де қатысады. Сәби дүниеге келгеннен бастап қаз тұрып, тәй-тәй басқанша ер адамдар балаға қатысты жоралғыларға қатыстырылмаған. Ананың уызына тойып, әженің мейіріміне бөлегеннен кейін ғана

нәрестенің өміріне әке араласа бастайды. Бұл да қазақ халқындағы ер адамның мерейін үстем етуінің көрінісі болса керек. Сондай-ақ, осы жинақта қазақтың әйгілі ханы Абылайдың тұсауы қылышпен кесілгені жайлы аңыз да келтірілген.

### Батырдың келіні не дейді?

Даңқты батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова да өзінің дәстүрге қатысты білген-түйгенін қағазға түсіріп, жинақтап, көпшілік назарына ұсынған.

«Тұсаукесер – баланың алғашқы туған жерінде табанын жерге басып, ары қарай аттап, алды ашылатын бір белесі. Біреулер «кісінің ала жібін аттамасын» деп кесіп жатады. Бұл – өте тар мағына. Ала жіптің мән-мағынасы өте кең. Ала жіп – өмірдің, тіршіліктің символы, нышаны. Сол үшін баланың аяғын байлап, тұсауы «жақсылықтар болғанда, басына бақ қонғанда асып-тасып кетпесін, қиындық болғанда басылып қалмасын, екеуінен тең өтсін» деп пышақпен кесіледі.

Ал қазір не істеп жүр? Қайшымен кесіп жүр. Баланың өмірі қайшыланып қалады. «Баланың тұсауын кім кеседі? Бір кездері кейуаналарға, үлкен кісілерге тұсау кестіріп жүрді. Шындап келгенде, қазақ жасы келіп, белі бүгілген үлкен кісіге, жайбасар жанға, сондай-ақ ауру адамға да тұсау кескізбейді. Ұл баланың тұсауын күш-қайраты бойында, елдің алдында қызметімен көзге көрініп жүрген ер-азаматтар кескен. Қыз баланың тұсауын аяқ-қолы балғадай, істеген ісін тындырып жүретін, отының басын берекелі ұстайтын, балалы-шағалы келіншектерге кескізген. Тұрмысқа шықпаған қызға, үйленбеген жігітке тұсау кескізбейді. Өйткені, олардың жолы әлі ашылмаған. Мұның барлығы сан ғасыр сарабынан өтіп, ата-бабаларымыздың жасап кеткен салты.

Тағы бір талас туғызып жүрген нәрсе – ала жіпті «алдынан кес» немесе «артынан кес» деп жатады. Бала артқа жүрмейді, алға жүреді. Алдында тұрып, оның тұсауын кесіп, баланың алдын ашады. Артынан тұсау кесу деген дұрыс емес», – деді Бауыржан Момышұлының келіні өзінің «Күретамыр» атты жинағында.

### Аңыз

Тәңірі Тағала Алла Әбілет пен Тәбілет деген екі мақұлықты жаратып, жер бетіне жібереді. Олар өте ажарлы, сұлу болған екен. Бір-бірің ұнатып қалады. Ұлық Алла екеуіне: – Некелерің қиылмай, бір-біріне қосылмандар, – деп ескертеді. Бір күні екеуі шыдай алмай, бір-біріне қосылып қояды. Дүниедегі ең алғаш зинақорлық осыдан басталыпты. Діни аңыздарда қиямет-қайымда зинақор адамдар Әбілет пен Тәбілеттің қауымында тіріледі екен деседі. Некесіз қатынастан дүниеге Ібіліс келеді. Адам-ата мен Хауа-ананы жер бетіне жіберер кезде Ұлық Алла оларға да ескертіп: – Некелерің қиылмай қосылмандар, – дейді. Адам-ата мен Хауа-ана: «Мақұл!», – деп уәде береді. Бірақ ол заманда Ібіліс малғұн атанып, оларды азғырып, тура жолдан тайдыруға серт берген кезі екен. Ұлық Алла Жебірейілге: – Адам мен Хауаның аяғын тұсаула. Жерге табаны тиген соң тұсауларын кес. Ібілістің азғыруына еріп, тура жолдан таймасын, – дейді. Жебірейіл олардың аяқтарын көк шөппен байлаған екен. Жерге түскен соң, тұсауларын кеседі. Некелерін қияды.

Кейін бұл оқиға дәстүрге айналады. Содан бастап жаңа туған баланың табаны жерге тиер кезде тұсауын кесіп, құрмеуін шешеді екен. «Баламыз алғаш қара жерге қадам басты, тура жолдан таймасын» деп ырымдайды. Тұсауы кесілмеген сәбидің иманы әлсіз болады деген де түсінік бар.

Тұсау кесер кезде Адам-ата мен Хауаның арасы жеті қадам болған екен. Жебірейіл Адамды жеті қадам жүргізіп барып, Хауаға қосады. Осыған орай, сәбидің тұсауын кесуші адам оны жеті қадам жүргізіп барып кесу салты сақталыпты. Баланың тұсауын көк шөппен, малдың тоқ ішегімен, ала жіппен кеседі. Ала жіппен кесерде өзгенің «ала жібін аттамасын», яғни біреудің дүниесіне «көз тікпесін», «қол сұқпасын» деп ырымдайды. Тоқ ішекті байлағанда бай болсын, дәулетті болсын деп тілек тілейді. Бұл жерде тұсауды өткір пышақпен, жүзін көкке қаратып кесу дәстүрге енген.

(«Салт-дәстүр сөйлейді», Алматы, 2021 ж.).

### Тұсаукесер жыры

Қаз-қаз, балам, қаз балам,  
Қадам бассаң мәз болам.  
Күрмеуіңді шешейін,  
Тұсауыңды кесейін.

Қаз-қаз, балам, қаз балам,  
Тақымыңды жаз балам.  
Қадамыңа қарайық,  
Басқаныңды санайық.

Қаз-қаз, балам жүре ғой,  
Балтырыңды түре ғой.  
Тай-құлын боп шаба ғой.  
Озып бәйсе ала ғой.

Қаз баса ғой, қарағым,  
Құтты болсын қадамың!  
Өмірге аяқ баса бер,  
Асулардан аса бер.

Жүгіре қойшы, құлыным,  
Желбіресін тұлмың.  
Елгезек бол, ерінбе,  
Ілгері бас, шегінбе.

### ТҮЙІН:

Қазақ халқының ғасырлар бойы жиған-терген еңбегін, тәлім-тәрбиесін, тәжірибесін шашау шығармай ұстансақ, қателеспесіміз анық. Дін мен дәстүрді қарама-қайшы қойғанда, не ұтамыз? Бала тәрбиесіне тереңінен мән берген дана халқымыздың салт-дәстүрі мен дінге ғылым деп қарасақ, адаспайтынымыз хақ.

Дайындаған  
Айнұр СЕНБАЕВА.







## АШЫҚ ДИАЛОГ

## ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ УЫҒЫ

Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

**Отбасы – шағын мемлекет. Сол шағын мемлекет ішіндегі ахуал дұрыс болса, қоғамның алға басуы да, дамуы да оң болмақ.**

Суреттерді түсірген автор



Қазақстанда жаңа шаңырақ көтерген отаудың әрбір үшіншісінің ойраны шығады екен. Осы тұрғыда онжылдықты артқа шегеріп қарайтын болсақ, 2010 жылы 146 443 неке тіркелген болса, соның 41 617-сі айырылған. Қанша мемлекеттік бағдарламалар іске асырылып жатса да, бұл көрсеткіш әзірге азаяр емес. Ал 2019 жылы 139 504 неке тіркелсе, оның 59 796-сы сәтсіз болған. Пандемия алғаш қыспаққа алған 2020 жылы 128 839 неке бекітіліпті, оның 48 002-сі заңды түрде бұзылған.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы Жобалық кеңсесінің өкілдері осындай өзекті мәселелерді талқылау үшін отбасылық құндылықтарды нығайту, өнегелі, тату шаңырақ иелерін жастар арасында насихаттау мақсатында еліміздің үлгілі отбасыларын, танымал аға буын өнер жұлдыздарын және жас буынды ашық диалог алаңына пікір алмасуға шақырды.

«Ұлағатты отбасы – ұлт құндылығы» тақырыбы аясында өткен басқосуда жас отбасылардың мәселелері, қазақ шаңырағындағы ата-ана рөлі, бала, оның ішінде айдарлы ұлдың тәрбиесі туралы біраз әңгіме болды.

## «Дінімізге, дәстүрімізге сызат түсе бастады»

Қанат ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ, әнші:

Бүгінгі таңда ұлттық идеологияны жоғалтып алып, таппай жүргеніміз жасырын емес. Мен өзі екі кезеңді де көрген буынмын. Біздің тұсымызда ата-анадан, ұстаздан қайығу деген болатын. Ал қазір мектепте мұғалім бірдеңе айтса, үйге жеткізіп келеді бала, сосын біз өре түрегеліп мектепке құстай ұшамыз. Содан мұғалімнің де беделі түсті. Ал қазір егемендік алдық деп қуанғанымызбен, жан-жағымыздың бәрін айқара ашып тастадық. Батыстың қансығы бізге таңсық болып ағылып кіріп жатыр. Дінімізге, дәстүрімізге сызат түсе бастады. Өзі де елітіп тұрған жастар қызылды-жасылды дүниелерге тез ергіш, сенгіш боп келеді. Қазіргі баланы ғаламтор, ұялы телефон, түрлі ютуб-каналдар тәрбиелеп жатыр. Жағымсыз әдеттерге тез бой алдыруда. Бүгін танысып, ертең үйленіп, арғы күні ажырасып жатқан жастар көбейді. Сондықтан ұлттық идеологияны заңмен нығайтуымыз керек деп ойлаймын.

Бірде мектепте осындай бір кездесуге бардық. Шыға берістен «Ата-анаң саған ұрыса ма? Сені ұра ма? Қысым жасай ма? Онда бізге хабарлас!» деген ірі-ірі әріптермен жазылған жазуды оқып қалдым. Әлгі мәтіннің астыңғы жағында телефон нөмірлері де көрсетіліпті. Сосын ашуымды тежей алмай, мұғалімдерге сөйлеп тастадым. Бұл көптеген қаражат көзі бөлінетін, жат елден келген жобалардың сиқы. Баланы дұрыс жолда жүрмеген ата-анасынан қорғау мәселесі бұл деген уәж естідім. Қазақы дәстүрге, біздің менталитетке сыймайтын дүние ғой бұл!

## «Махаббатсыз дүние бос»

Айткүл ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА, әнші:

Иә, қазіргі жастардың отбасылық құндылықтар туралы көзқарасы өзгерген. Кейбір жастар бәрін ақша шешеді деп ойлайды. Ал шын махаббат екеуара сезім болмаған жерде шаңырақтың берік болуы екіталай. Бір жас келіншек ажырасып кетіпті дейді, «неге» деп сұрағандарға «күйеуім маған мотивация бермеді» деген. Мұның бәрі әлгі өздерін коуч, тренер санап, ақшаға сабақ өтетін, дәріс оқитындардың кесірі. Айналайын-ау, әркімнің өз отбасының сыры өзіне мәлім емес пе, өз отбасын өзіңе мотивация болуы керек.

Біз кейде баланың тәрбиесін мектепке артып қоямыз. Ол дұрыс емес. Балаға алдымен ата-ана, отбасы жауапты, ал балабақшадағы тәрбиеші мен мектептегі мұғалім бізге көмекші, қолдаушы. Баланы көше емес, отбасы тәрбиелеуі тиіс. Ал отбасынан дұрыс үлгі-өнеге алып шыққан ұл-қыздан еш жаншылдық шықпайды деп ойлаймын.



## «Идеологиялық нұсқаулық керек»

Ерденбек МҰХАНОВ, зейнеткер-ұстаз:

Отбасылық құндылық дегеніміз – бір күндік емес, өмірлік тақырып. Ұлт құндылығын жасау үшін отбасының өзінің лабораториясы болу керек деп ойлаймын. Сол лабораторияда ұл-қыздың жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, киім киісіне дейін үйретілуі керек. Сондай-ақ, оларға үйрететін ата-ананың да жүріс-тұрысы, сөзі түзу болуы шарт. «Бір елді түбірімен жойып жіберу үшін атом бомбасын тастап жіберудің қажеті жоқ, сол елдің мектептегі білімін көзбояушылықпен өткізе берсең болғаны» дегенді жас күнімде бір жерден оқығаным бар-ды. Ол деген не десеңіз, білімі жоқ дарынсыз құрылысшы салған үй опырылып қирап қалады, білімсіз дәрігер емдеген адам аурудан айыға алмай көз жұмады дегенді меңзегені.

Біздің бала күнімізде октябрат болуға асығатынбыз. Одан галстук тағуға қызығып, пионер қатарына өткенше білімді, тәртіпті болуға тырысатынбыз. Комсомол дегеніңіз де қандай-тың, жақсылыққа ұмтылып, ойымызды да, бойымызды да түзеп шыға келетінбіз. Оның бәріне кәдімгідей дайындалатынбыз. Қазіргі жастарға сондай бір идеологиялық нұсқаулық жетпей жатқан секілді көрінеді маған. Бұрынғы ата-ана мұғалімге «мына баланың еті сенікі, сүйегі менікі» дейтін. Ата-ана мұғалімнің сөзін сөйлейтін, ал қазір олай емес. Ұстаз беделі едәуір түсіп кеткені жасырын емес. Әрине, бетін қақпай өсірген бала өмірде де сондай еркін, ерке болады. Ерке-леймін деп еркінситіндер де болады. Еркінсудің арғы жағында басыну жатады.

Байқаймын, бүгінгі балада сөз, тіл байлығы жоқ, кітап оқымайды. Бір-бірімен байланыс жоқ, бір-бірімен әңгімелесудің орнына, бір бөлмеде отырып бәрі әр жаққа қарап отырады ұялы телефонға шұқшып.

## «Төзім мен сабыр керек»

Үрлэйім СӘДУАҚАСОВА, зейнеткер-ұстаз:

Бүгінгі көп жаста төзім, сабыр жетіспей жатады. Сондықтан да ажырасып жатады. Үйленген соң махаббатқа тұрмыстық күйкі тіршіліктің араласатынын білмейді көбі. Жастар үйленген соң енді бірігіп бір бағытқа



қарау керектігін, бірге жоспарлар құру қажеттігін ұғынса деймін.

Шыны керек, біз кейде қызды жатжұрттық деп артықтау мәпелеп жіберетін секілдіміз. Өткенде бір қыздың су жаңа пәтерімен, темір тұлпарымен ұзатылғанын естідік. Дұрыс қой, ата-ана баладан несін аясын! Бірақ жігіт жақтың әлеуметтік жағдайы қалай екен, мәселе сонда. Баршылықта өскен қыз «мен бұрын мынадай киетін едім, мынадай тамақ ішетін едім» деп ерін кемсітіп, тұқыртып отырса, одан үлгілі отбасы шыға ма? Одан араға сөзбен бұзатындар да қосыла кетеді. «Ол сенің теңің емес» десе жетіп жатыр. Ал малды екеулеп құрағанның берекесі, қадірі болады деп білемін өз басым.

## «Әйел – еркекке аманат»

Болат ӘБДІЛМАНОВ, актер:

Рас, қазір ажырасып жатқан жастар көбейіп барады. Оған кейде ата-ананың өзі де кінәлі. Жол көрсетіп, басу айту-дың орнына, «ішіме сыйған бала сыртыма да сыяды» деп ертіп жөнеледі. Менің енемнің 4-ақ кластық білімі бар, 14 бала тапқан кісі. Бірде үлкен қызы күйеуімен ренжісіп қалып, төркініне қайтып келсе, анасы алды-артына қаратпай қуып шығыпты дейді. «Өзің таптың, өзін қосылдың, кірме үйге, мен қосқаным жоқ сендерді» деп есігін тарс жауып алыпты дейді. Міне, бұл оқымаса да, өмірдің дипломын алған көшелі кісілердің білгірлігі. Бір-біріңді тауып, қосылдыңдар ма, өмірдің түрлі кедергісін бірге кешіп өтуге даяр болғандарың абзал, жастар!

Біздің қазақтың әрбір сөзі тұнып тұрған ұлағат. Небір тәрбиені бір ауыз сөзбен-ақ түйіндеп айтып тастаған. Дегенмен, «Жақсы әйел жаман еркекті хан қылады» деген сөзге келісе алмаймын. Ол қалай хан етеді, егер қосылған жары намыссыз, жігерсіз, ештеңеге икемсіз біреу болса?! Оны сүйреймін деп жүріп әйелдің өзі де қажитын шығар. «Әйел – еркекке аманат» дейді біздің қазақ, қайта еркегі мықты болып, әйел-баласын ештеңеден тарықтырмауы керек. Бізде әкенің рөлі төмендеп кетті. Қазіргі кейбір сериалдарды қарасаңыз, көрерменді күлдіремін деп, экранға мыжырайған, әйелінің сөзінен, келінінің қабағынан қаймыққан шалды көрсете береді. Баланы дұрыс тәрбиелеудің бір құралы осы киноларда жатыр. Мыжырайған шалды емес, келбетті, аузында батасы, уәжді сөзі, мысы бар қарияны жиі көрсетуіміз керек.

Сосын, тойларда «келінімдей емес, қызымдай көретін боламын» деп жатады. Бұл қалай? Келін деген сонда жаман ба деймін мен. Қайта келіннің тілекші ғой саған. Сенің ұрпағыңды жалғайтын, өсіретін адам сол. Ал қызың басқа үйдің отын жағып, сол үйді бақытты етуге кетеді.

Өткенде теледидар қарап отырсам, бір әзіл-қалжыңның құлағыма түрпідей тигені. Екі-үш жігіт сахнаға жүгіріп шықты. Біреуі енесі болып ортаға сулап түсті. Екіншісі «енең ғой, тым болмаса аузына үрлеп, есін жиғызсаңшы» дейді. Сонда біріншісі «қойшы, аузында бір тісі жоқ, аузы да сасық екен» дейді. Ал ел арзан күлкіге қарқ болып жатыр. Орыстарда «теща» туралы анекдот көп қой, соған келтіргені болар. Бірақ сол бізге керек пе, әйел-ананы, енені, қарындасты қадірлеу кішкентай қадамдардан тұрмайтын ба еді?! Жігіттер, бұлай ұсақталмайық дегім келді сонда.



## ТҮЙІН:

Кездесудің соңы 87 жастағы Секерхан Бірбаева әженің батасы түйінделді. Секерхан апаның 2 жасында әкесі «халық жауы» болып ұсталып кеткен екен. Бір атадан жалғыз. 19 жасында тұрмысқа шығыпты. Шалы екеуі 50 жыл қой баққан. Ыстыққа да, суыққа да төзген кейуана 11 бала туып, бүгінде 33 немере, 75 шөбере сүйіп отыр. Әдемі әженің елім аман, жұртым тыныш болсын, ешбір шаңырақ шайқалмасын деген тілегі қабыл болғай!





## ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

## ЕГЕР:

- \* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- \* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- \* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне  
ЖАРНАМА беріңіз де,  
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:  
**8 (727) 232-36-51;**  
**8 (727) 232-36-56.**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

## ЕГЕР:

- \* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- \* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:  
**8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

## ҚАУЛЫЛАР

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 13 шілдедегі  
№3/314-334 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17 маусымдағы  
№2/115-261 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін  
алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де  
жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару-  
дың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер енгізу  
туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17 маусымдағы  
№2/115-261 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою-  
ға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын  
мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулы-  
сына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

|   |                                   |                    |                                                                    |        |
|---|-----------------------------------|--------------------|--------------------------------------------------------------------|--------|
| 1 | Муратова<br>Айжан Кай-<br>ратовна | 20-322-001-<br>069 | «Шұғыла» шағынау-<br>даны, Сәкен<br>Жүнісов көшесі,<br>2/24 учаске | 0,8428 |
|   |                                   |                    |                                                                    |        |

».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабыл-  
данған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат  
құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан  
туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің  
орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 13 шілдедегі  
№3/314-333 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға  
байланысты жер учаскелерін немесе өзге де  
жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен  
шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5)  
тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік  
туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022  
жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы  
қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Денсаулық сақтау ғимаратын салу үшін Алматы қаласы, Бос-  
тандық ауданындағы Левитан көшесінің оңтүстігі, Гагарин даңғы-  
лының батысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы  
үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де  
жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес  
мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 жел-  
тоқсанына дейін болып белгіленсін.

## ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

**БІЗ газетімізді асыға күтетін  
оқырмандарымызбен және тұрақты  
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты  
бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі,  
«Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға  
болады.

Бізді [almaty-akshamy.kz](http://almaty-akshamy.kz) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ  
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

|                                                                                                                                               |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>65503 (жеке жазылушылар үшін)</b><br>1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға – 3002,50 теңге                             |
| <b>15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)</b><br>1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 5 айға – 8102,50 теңге                    |
| <b>95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)</b><br>1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 5 айға – 2202,50 теңге |

Анықтама үшін телефондар:  
**8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

**2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне  
бес айға жазылу жүріп жатыр**

«ALMATY AQSHAMY»  
жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде  
оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –  
алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі  
оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы!  
Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық  
ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабыл-  
данған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат  
құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін  
және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз  
етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байла-  
нысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті  
мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан  
кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер бас-  
қармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған  
өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің  
орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2022 жылғы 13 шілдедегі  
№3/314-333 қаулысына қосымша

**Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын  
жер учаскелерінің тізбесі**

| Р/с<br>№ | Жер учаскесінің<br>меншік иесінің<br>(жер пайдалану-<br>шының) тегі,<br>аты-жөні (атауы) | Кадастр-<br>лық нөмірі | Жер<br>учаскесінің<br>орналасқан<br>жері | Жер<br>учаскесінің<br>ауданы, га |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|------------------------------------------|----------------------------------|
| 1        | «Sensata Invest»<br>жауапкершілігі<br>шектеулі серік-<br>тестігі                         | 20-313-019-<br>408     | Гагарин<br>даңғылы,<br>305               | 0,1154                           |
| 2        | «Sensata Invest»<br>жауапкершілігі<br>шектеулі серік-<br>тестігі                         | 20-313-019-<br>409     | Гагарин<br>даңғылы,<br>305               | 1,0441                           |

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС Алматы қаласының тұрғындары ара-  
сында «COVID-19» коронавирустық инфекциясының таралуына жол бер-  
меу мақсатында, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жылу  
энергиясын беру және жабдықтау қызметі туралы 2022 жылдың 1-ші жар-  
тыжылдығындағы жыл сайынғы есеп бойынша Жария тыңдаулар 2022  
жылғы 26 шілде күні сағат 16.00-де **ZOOM** платформасы арқылы бейне-  
конференция форматында өтетінін хабарлайды.

Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінен көпшілік  
тыңдауларды қалыпты форматта өткізуге рұқсат алған жағдайда, ақпарат  
кәсіпорының [www.alt.kz](http://www.alt.kz) сайтында қосымша хабарланатын болады.

Тыңдаушылар тізімін қалыптастыру үшін алдын ала қатысуға жазылу қа-  
жет:

– +7 (727) 341-07-00, ішкі нөмірлер: 5001, 2201.

– электрондық мекенжай бойынша: B.Dyuskaliev@alts.kz, r.pryanishnikov@  
alts.kz.

Қатысушыларды тіркеу тыңдау өткізілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.



Бас директор –  
**Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ**

**Қабылдау бөлмесі:**  
232-36-61.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**  
тел.: 232-36-53

Бас редактордың  
орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат  
бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің  
редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-  
шылық бөлімінің редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –  
**Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,**  
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,**  
тел.: 232-36-51.  
e-mail: d\_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің  
менеджері –  
**Дана ӘЛМЕШ,**  
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@  
vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –  
**Алия ЕСИМХАНОВА**  
тел.: 232-36-51. e-mail:  
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму  
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша  
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ  
Алматы почтамтына: 259-88-99  
(ішкі 20500, 20018) телефондары  
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-  
саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Alatay Aqparat» ЖШС.**  
[alatayaqparat@mail.ru](mailto:alatayaqparat@mail.ru)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі  
күндері шығады.**  
**Апталық  
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –**  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігінің  
Ақпарат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№КЗ80ВРУ00026040  
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның  
компьютер орталығында теріліп,  
беттелді.  
Суреттердің сапасына  
редакция жауапты.  
Жарнама мәтініне жарнама беруші  
жауап береді.  
Автордың мақалалары редакция  
көзқарасын білдірмейді.  
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де  
басылды. 050044, Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.  
Тел.: 273-50-53  
Офсеттік басылым,  
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің  
электронды нұсқасы  
«AIR ASTANA»  
әуе компаниясы бортындағы  
жолаушыларға қолжетімді.**





ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

# Жеңімпаздар ұтысқа ие болды

«Alatau Aqparat» ЖШС ұйымдастырған «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінің тұрақты оқырмандарына арналған байқаудың жеңімпаздары белгілі болды.



АҚТОЛҚЫН  
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жалпы, газет оқырмандары арасында ұтыс ойынын өткізу қос басылымның дәстүріне айналған. Сондықтан «Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы өткен жылы да газетке жазылушылар арасында дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауын жариялаған еді. Қала тұрғындары ұтысқа қатысып, бақтарын сынады.

Бұл жолғы сайысқа қатысушылардың саны көп болды. Арнайы комиссия мүшелері құрылды. Газетке жазылғанын растайтын түбіртектерді жіберген оқырмандардың арасынан кездейсоқ таңдау арқылы жеңімпаздар анықталды.

«Байқауда жаңадан жазылған оқырмандар да, бұрыннан бері бізбен бірге келе жатқан оқырмандар да бірдей дәрежеде қатысты. Газет сүйер қауымға материалдарымыз қызықты, өзекті және өткір болғанына қуаныштымын. Шын мәнінде, бұл солай. Өйткені, біз оқырмандарымызды еліміздің ең ірі мегаполисі – Алматы қаласының тыныс-тіршілігі туралы шынайы, тексерілген және пайдалы ақпаратпен қамтамасыз етеміз. Байқаудың барлық қатысушыларына өздерінің сүйікті газеттеріне қатысқаны үшін алғыс айтқым келеді. Жыл сайын жазылушыларға арнап байқауды ары қарай да өткізетін боламыз. Жүлделердің құндылығы тек арта түседі деп ойлаймын. «Вечерний Almaty» және «Almaty aqshamy» газеттерінің баспа нұсқалары бүгінде аса сұранысқа ие және өзекті», – деп атап өтті «Alatau Aqparat» ЖШС коммерциялық директоры Қуаныш Дюскалиев.

Салтанатты іс-шараға «Alatau Aqparat» ЖШС коммерциялық директоры Қуаныш Дюскалиев, «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары Әнуарбек Әуелбек, «Вечерний Almaty» газеті Бас редакторының орынбасары Гүлжазира Сайдахметова қатысып, жеңімпаздарды бағалы сыйлықтарымен құттықтады.



«Қай газеттің болсын, тірегі де, жаны да оқырмандар. Осы күнге дейін газетпен арадағы байланысты жоғалтпай, әр санды ерекше ынта-ықыласпен күтетін оқырмандарымыздың барына қуанамыз. Әлеуметтік желінің ықпалы жыл сайын артып келеді. Басылым беттерін парқайтайтын оқырмандардың да қарасы азайып бара жатқаны жасырын емес. Не десек те, осы уақытқа дейінгі аралықта бізді таңдап, бізбен бірге болғандарыңызға қуаныштымыз», – деді «Almaty aqshamy» газеті Бас редакторының орынбасары Әнуарбек Әуелбек.

Ұтыс жеңімпаздары да осындай үрдісті үзбей өткізіп келе жатқан «Alatau Aqparat» ЖШС ұжымына ризашылықтарын білдірді.

Газет – сауаттылық пен эстетиканың жаршысы. Тіл ұстартып, адамға тәрбие беруші құрал. Ал әлеуметтік желі сізді тек ақпарат берумен қатесін түзеуге бағытталған. Кез келген журналистің бірінші біліктілігін арттыру газеттен, журналдан бастау алу керек. Тегінде Қытайда мектеп оқушыларына қаламмен жазғызбайтын. Жазуларыңды бұзады деп. Оның орнына сиялы қаламмен жазуға үгіттейтін. Сол секілді, қалам мен сиялы қаламның айырмасы бар. Біреуі дайын өнім, екіншісі еңбек. Себебі, сияға малып мәнерлеп жазу – тәрбие. Осы тұрғыдан келгенде, газеттің бәсі басым екенін айту керек.

«Мен жалпы қазақ басылымдарының жанашырымын. Ұзақ жылдан бері білім саласында қызмет еткен жанмын. Сондықтан газетті көп оқимын. Балалармен көп жыл жұмыс жасағандықтан, балалар журналдарын, оның қатарында «Жыл он екі ай», «Балдырған», «Ақ босаға» газет-журналдарын көпбалалы отбасыларға бизнесмен, қолы ашық жандарға айтып жаздырып келемін. Білімді ұрпақ ұлт болашағы демекші, олардың басылым беттерінен нәр алып, тәлім-тәрбие алулары еліміз үшін маңызды. Қазіргі кезде құрметті еңбек демалысына зейнетке шықсам да, сүйікті басылымымнан қол үзген емеспін», – дейді оқырман Раиса Үмбетбаева.

«Almaty aqshamy» газетінің оқырмандарының арасында 1-орын алған Түркістан облысының тұрғыны – Торабеков Қалдыбек есімді оқырман «SUPRA» мультиваркасына ие болды. Жүлделі 2-орын алған Алматы қаласы, Түркісіб ауданының тұрғыны Гумаров Тілепберген «AVM-20W» қысқа толқынды пешті қанжығасына байлады. Үздік үштікке енген Алматы қаласы, «Нүркент» шағынауданының тұрғыны Раиса Үмбетбаева «AVM-20W» қысқа толқынды пешін ұтып алды.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.